




YESSENOV
UNIVERSITY

ISSN 1684-9299

Подписной индекс 76061



Yessenov Science Journal

№2 (34) 2018



Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың
маусым айынан бастап шығарылады.

Жылына 2 рет шығады.

Жекеменшік –

Ш.Есенов атындағы Қаспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университетінің ТБХ
бойынша РМҚ

Редакция мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
130000, Ақтау қ., 32 шағын аудан,
Есенов университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)42-02-29,
+7(7292)42-57-80

Сайт: : www.yu.edu.kz.

Журнал Қазақстан
Республикасының мәдениет және
ақпарат министрлігінде қайта
тіркеуден өткен құдік №17181-Ж
21.06.2018 ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Ш.Есенов атындағы
ҚМППИУ-ның редакциялық-баспа
орталығында басылған.

Мекен-жайы: Ақтау қаласы,
32 шағын аудан.

Редакция кеңесі

Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.қ.,
академик

Бас редактордың орынбасары:

Нурмаганбет Е.П., доктор PhD

Жауапты хатшы: Джанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор PhD,

Ұлыбритания

Боран-Кешишьян А.А., т.ғ.қ., доцент,

Новороссийск қ., Ресей

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology
and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti
Putra, Malaysia

Янковский Т., профессор, Познань қ.,

Польша

Қошимова Б.А., ф.ғ.қ., профессор

Жумаев Ж.Ж., т.ғ.д., профессор

Саймағанбетова Т.А., э.ғ.қ., доцент

Кулиманова М.Р., ф-м.ғ.қ., доцент

Табылганов М.П., т.ғ.қ., доцент

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год.

Собственник –
ҚТУПМ им. Ш. Есенова

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000,
г. Ақтау, 32 мкрн., здание университета
Есенова.

Тел./факс: +7(7292)42-02-29,
+7(7292)42-57-80

Сайт: : www.yu.edu.kz
Журнал перерегистрирован в
Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан Свидетельство
№17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-
издательском отделе ҚТУПМ

им. Ш. Есенова

Адрес: г. Ақтау, 32 мкрн.

Редакционный совет:

Главный редактор: Ахметов Б.Б.,
к.т.н., Академик

Заместитель главного редактора:
Нурмаганбет Е.П., доктор PhD

Ответственный секретарь:

Джанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор PhD,
Великобритания

Боран-Кешишьян А.А., к.т.н., доцент,
г. Новороссийск, Россия

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology
and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti
Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, г.Познань,
Польша

Қошимова Б.А., к.ф.н., профессор

Жумаев Ж.Ж., д.т.н., профессор

Саймағанбетова Т.А., к.э.н., доцент

Қулиманова М.Р., к.ф.-м.н., доцент

Табылганов М.П., к.т.н., доцент

Yessenov Science Journal

Scientific Journal published

Since June 2002.

Periodicity: 2 times a year

*Proprietary-
RSE on RFU «Sh. Yessenov Caspian state
university
Of technologies and engineering »*

*Editorial address: Republic of
Kazakhstan,
130003, Republic of Kazakhstan,
Mangystau region*



Aktau city, 32 microdistrict

Web-site: www.yu.edu.kz

*Journal is re-registered in the Ministry of
Culture and Information
Republic of Kazakhstan*

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

*Printed in Sh. Yessenov Caspian State
University
Of technology and engineering*

Address:  Aktau, 32 microdistrict

*Chief Editor: Ahmetov B.B., (Cand.Sci
(Eng.), academician)*

*Deputy Chief Editor: Nurmaganbet E.T.,
Dr. PhD*

*Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.
Chowdhury D., Dr. PhD, Great Britain
Boran- Keshishyan A.L., Cand.Sci (tech),
Novorosiisk, Russia*

*Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of communication technology and
Network faculty of Computer Science and
Information Technology, Putra
University, Malaysia*

*Jankowski G., prof., Poznan, Poland
Koshimova B.A., (Cand.Sci. (Phil)),
Zhumaev Zh.Zh. (Dr. Sci. (Eng.)
Professor)*

*Saimaganbetova G.A., (Cand.Sci. (Econ.),
associate professor),*

*Kulimanova M.R. (Cand.Sci. (Phys-
Math), associate professor),*

*Tabylganov M.T. (Cand.Sci (Eng.),
associate professor)*

Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру

УДК 008

ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ В АЗЕРБАЙДЖАНЕ

Рамиз А.

БГУ, Баку, Азербайджан

Аннотация. Статья посвящена становлению и развитию латинского алфавита. В ней отводится особое место Первому тюркологическому съезду, созванному в Баку в 1926 году.

Ключевые слова: Азербайджан, тюркология, тюрколог, латинский алфавит.

Первый Всесоюзный тюркологический съезд, созванный в Баку с 26 февраля по 6 марта 1926 г., стал важной вехой в политическом, научном и культурном плане тюрко-татарских, горских и др. народов Советского Союза. По данным мандатной комиссии, в работе съезда участвовал 131 делегат. Из них 93 тюрка и 38 представителей народов Кавказа и Средней Азии, Сибири, Поволжья, а также специалисты Академии наук СССР, Научной Ассоциации востоковедения, Украинской Академии, Закавказской Ассоциации востоковедения и персонально приглашенные тюркологи из-за рубежа, в том числе ученые из Турции (3 чел.), Германии (2 чел.), Австрии (1 чел.) и Венгрии (1 чел.). Среди делегатов была одна женщина, учительница Султанова, из Азербайджана. [Первый Всесоюзный тюркологический съезд 26 февраля – 5 марта 1926 г. Стенографический отчет. Баку: АССР, 1926, с. 498; далее: Стеногр. отчет].

Согласно стенографическому отчету, на съезде были заслушаны и обсуждены доклады и содоклады по следующим 14-ти вопросам: современное состояние и ближайшие задачи изучения истории, этнографии, языков тюркских народов, родственные связи тюркских языков между собой и с монгольскими, тунгусскими, фино-угорскими и яфетическими языками, система научной терминологии и терминология на тюркских языках, общие основы орфографии тюркских языков, основы построения алфавита с точки зрения лингвистической и технической и алфавиты тюркских народов, развитие литературного языка у тюркских народов, вопросы методики преподавания тюркских языков, итоги и перспективы изучения литератур тюркских народов, организационная структура и ближайшие задачи тюркологических научных учреждений СССР, методы краеведческой работы среди тюркских народов, последние культурные достижения тюркских народов и организационные вопросы. По этим вопросам было проведено 17 заседаний, заслушано 37 докладов и содокладов. 5 из этих докладов было посвящено истории и этнографии, 2 – литературе, 7 – языкам, 7 – проблемам алфавита, 6 – орфографии, 2 – культуре, 5 – проблемам терминологии, 3 – вопросам методики преподавания. [1926-cı il I Bakı Türkoloji Qurultayı: stenoqram materialları, biblioqrafiya və fotosənədlər. Ruscadan tərcümə, önsöz və şərhlərin müəllifləri Kamil Vəli Nərimanoğlu, Əliheydər Ağakışiyev. Bakı: Çinarçap, 2006, 571 s.; Adil Babayev. Azərbaycan dilçiliyinin tarixi. Bakı, 1996, 276 s.].

Большое практическое значение из всех этих вопросов имели, главным образом, три раздела: орфография, терминология и алфавит. Неслучаен тот факт, что наибольшее количество докладов приходилось именно на эти же указанные выше три вопроса. Основным докладчиком по орфографии выступил профессор Щерба, а содокладчиками – Галимджан Ибрагимов, профессор Жирков, Рахими и Ага-заде. Профессор Азербайджанского государственного университета Бекир Чобан-заде выступил с докладом о системе научной терминологии, ученый секретарь общества изучения и обследования Азербайджана Зифельдт-Симумяги, делегаты Одабаш и Байтурсун говорили о принципах образования научной терминологии в тюркских языках. Кратко остановившись на естественной эволюции языков, Зифельдт-Симумяги указал, что в наши дни нет времени ждать развития языка, науки и литературы "естественным" путем, т.е. стихийно, а необходимо это развитие регулировать сознательной силой, государственными терминологическими комиссиями и другими научными органами, при содействии широкой общественности. Попытки реформы старого крайне несовершенного и до отказа засоренного арабскими и персидскими терминами тюркского литературного языка идут по четырем направлениям: 1) панисламисты стремятся сохранить максимально большое количество арабско-персидских терминов; 2) европеизаторы - максимум европейских слов; 3) пантюркисты стараются навязать или константинопольский литературный язык, или носятся с утопическим планом создания единого литературного языка для всего тюркоязычного мира; 4) "народники" – предлагают восстановить в литературе народный язык. Докладчик считал правильным последнее течение и предлагал "при выборе терминов, прежде всего, обращаться к народному рабоче-крестьянскому языку. В случае отсутствия элементарных терминов в народном языке, возможно заимствование из других родственных языков и наречий, как подчиняющихся тем же языковым законам". Далее возможно заимствование из европейских языков, но при этом необходимо соблюдать следующие условия: 1) заимствованное слово не должно выходить за границу определенных звуков, свойственных заимствующему языку (например, не должно заключать в себе аффриката ц); 2) в заимствуемых словах могут быть лишь такие сочетания и чередования звуков, которые свойственны заимствующему языку (например, слово не должно начинаться согласным дифтонгом); 3) заимствуемые слова должны укладываться в правила сингармонии; 4) необходимо строго сохранять общий стиль языка в интересах психофизиологической экономии сил говорящего". [Стеногр. отчет, с. 247].

Одним из вопросов, который привлек наиболее пристальное внимание не только тюркских народностей, населяющих СССР, но и за границей, вне всякого сомнения, являлся вопрос об алфавите. Он имел огромное культурное и общественное значение, ибо затрагивал широкие слои населения и поэтому вызывал более оживленные прения, чем другие вопросы. Вопрос этот был поставлен лишь в плоскости выяснения преимуществ латинского или арабского алфавитов.

По этому вопросу выступили профессор Яковлев, профессор Жирков, Мамед-заде, Галимджан Шараф, Ибрагимов, Рахманов, Ага-заде, Айвазов, Байтурсун, Барахов, Карачайли Ислам, Сабашкин, Иванов, Тюрякулов, Алиев и др. За исключением делегата из Татарии Галимджана Шарафа, все ораторы были против арабского письма. Сторонники латинского алфавита указали, что народы не мусульманские сравнительно легко переходят на латинский алфавит, тогда как среди мусульманских народностей этот вопрос встречает большие затруднения, так как здесь он связан с религиозными предрассудками. Было подчеркнуто, что арабский алфавит не выходит за пределы мусульманского мира, что он даже и в этих пределах уступает территорию за территорией. Были и интересные суждения о русском алфавите: касаясь этого алфавита,

говорили, что он исторически был связан с руссификаторской и миссионерской политикой при царизме. Это обстоятельство дало ему такой привкус, что большинство народов СССР, при создании своей письменности, не принимает его и, даже приняв его, отказывается от него потом.

По вопросу о системе письма, основные мысли сводились к тому, что выбор наиболее удачной графики должен определяться: а) соображениями наибольшей простоты графических движений при достаточной различимости знаков и букв; б) сознательным выбором определенной системы восполнения недостающих знаков в принятом за основу алфавите, т.е. система сочетаний, или надстрочных знаков, или новых букв и пр.; в) соображениями наибольшей экономии в смысле пространственного протяжения начертаний слов. Обсуждая чисто технические достоинства 3 главных конкурирующих между собой алфавитов (латинский, русский и арабский) участники съезда пришли к выводу, что необходимо предпочесть первый алфавит пред остальными двумя. Правда, Галимджан Шараф пытался доказать, что, арабское письмо намного экономнее, быстрее и выгоднее, чем латинский и русский алфавиты. Например, у татарских учеников арабским шрифтом скорость чтения выше в среднем на 26 %, а скорость письма выше на 32 %, чем у русских учеников. [Стеногр. отчет, с. 284-417].

После долгих дебатов, председатель совнаркома Дагестана Коркмасов от имени делегаций Азербайджана и республик Закавказья, Узбекистана, Киргизской, Дагестанской, Туркменской, Якутской, автономных областей Северного Кавказа: Карачаевской, Балкарской, Кабардинской, Ингушской, Чеченской, Адыг-Черкесской, Осетинской, Туркмен. автон. района внес следующую резолюцию:

1. Констатируя преимущество и техническое превосходство нового тюркского (латинского) алфавита над арабским и реформированным арабским алфавитом, а также огромное культурно-историческое и прогрессивное значение нового алфавита по сравнению с арабским, вместе с тем съезд считает введение нового алфавита и метод его проведения в отдельных тюрко-татарских республиках и областях делом каждой республики и каждого народа.

2. В связи с этим, съезд констатирует факт огромного положительного значения, заключающегося в введении Азербайджаном, областями и республиками СССР (Якутией, Ингушетией, Карачаево-Черкесской, Кабардинской, Балкарской и Осетией) нового тюрко-латинского алфавита. Отмечая и горячо приветствуя огромную положительную работу, проделанную означенными областями и республиками СССР в области введения нового тюркского (латинского) алфавита, съезд рекомендует всем тюрко-татарским народам изучить опыт и метод Азербайджана и других областей и республик СССР для возможного проведения этого у себя.

За резолюцию Коркмасова (за латинский алфавит) голосовал 101 делегат, за резолюцию Шарафа (за арабский алфавит) 7 делегатов, 9 делегатов воздержались. [Стеногр. отчет, с.417-419]. Воздержались русские ученые, которые считали себя не компетентными принимать участие при вынесении окончательного решения по этому вопросу, являющемуся делом самих тюрко-татарских народов. Так принималось решение, имеющее колоссальное революционно-историческое значение для всего мусульманского Востока.

Съезд после себя не оставил никакого выборного органа и ограничился тем, что рекомендовал всем тюркским республикам и областям организовать на местах Тюркологические Комитеты для сбора и систематизирования материалов по тюркологии, учета и хранения рукописей, изучения местных говоров и диалектов и т.д. Комитеты должны постоянно поддерживать между собой связь и производить обмен печатными изданиями. Съезд признал желательным переиздание ставшего

библиографической редкостью пока единственного в своем роде словаря тюркских наречий Радлова.

Что касается второго Всесоюзного тюркологического съезда, то съезд высказался за созыв его не позже, чем через 2 года, в Узбекистане, в г. Самарканде.

В заключение необходимо сказать пару слов об огромном культурно-историческом значении, какое имел съезд не только для тюрко-татарских народов, населяющих СССР, но и для соседних мусульманских стран, а также для всего научного мира, которому, как это подчеркнул в своей приветственной речи председатель ЦИК Союза ССР Газанфар Мусабеков "представляется возможность подытожить результаты работ за ряд лет и наметить дальнейшие пути развития тюркологии". Историческое значение съезда заключалось в том, что впервые представители тюрко-татарских народностей имели возможность встретиться на своем съезде и разрешить наболевшие вопросы. "В великое дело создания нового освобожденного человечества, говорил председатель организационной комиссии по созыву съезда и председатель ЦИК Азербайджана Самедага Агамали-оглы, съезд, несомненно, внесет свою лепту. Ведь, дать верную научную основу культурному развитию многомиллионных народов на рубеже Востока, того Востока, где большая часть человечества, находится под ярмом иностранного гнета и собственных пред-рассудков, это значит – потрясти этот самый Восток". Известный тюркский ученый, профессор Чобан-заде, один из наиболее активных участников съезда, писал: "Главное значение съезда следующее: тюркология, служившая до сих пор в руках западных империалистов, пользовавшихся темнотой Востока, орудием эксплуатации и колонизаторской политики, отныне станет ценным результатом мышления честных и серьезных людей, совместно работающих над самыми неведомыми и вместе с тем интересными документами истории цивилизации человечества. Съезд тюркологов является новым шагом к интернационализму, соединяющим отсталую часть человечества с лучшей частью современной цивилизации и займет место в истории человеческой культуры... С принятием нового алфавита тюркские народы вошли в культурную семью европейцев. Обладая европейскими средствами фиксирования передачи мысли, тюрко-татарские народы признаны будут играть роль передатчика культурно-революционных идей СССР на Востоке". [И.Барахов. Итоги 1-го Всесоюзного тюркологического съезда // "Хозяйство Якутии", 1926, № 5, с. 37-50].

Съезд рекомендовал использовать опыт Азербайджана по латинизации в других республиках и областях Союза. Для этого создали Всесоюзный центральный комитет нового тюркского алфавита (ВЦК НТА). С этого момента начинается этап организованного и широкого движения за латинизацию письменности тюркских народов, применявших главным образом арабский алфавит. В построении алфавита впервые выдвигается лозунг "унификации", то есть графического и фонетического объединения отдельных национальных алфавитов. Первый пленум ВЦК НТА (Баку, 1927 г.) принимал проект унифицированного нового тюркского алфавита из 34 букв, с вводимыми по мере надобности добавочными знаками для отдельных языков.

7 августа 1929 года постановлением ЦИК и СНК СССР "О новом латинизированном алфавите народов арабской письменности Союза СССР" переходу на латиницу придан официальный статус. Начался переход на новый алфавит газет и журналов, издательств, учебных заведений. С 1930 года наступает новый этап латинизации, происходит развитие национальных литературных языков, создание новой терминологии, упорядочение орфографии и овладение различными видами техники (полиграфия, машинопись, телеграф, национальная стенография). Кроме технических удобств применения письма, для Советского государства был важен политический аспект — разрыв общества с традиционной исламской культурой,

которую символизировала арабская графика, проведение политики массовой атеизации страны. Латинизация алфавита в СССР не могла не отразиться на латинизационном движении и за рубежом.

В 1928 г. под несомненным влиянием успехов латинизации в Азербайджане перешли с арабского на латинский алфавит Турецкая Республика [Bilal N. Şimşir. Türk Yazı Devrimi. Türk Tarih Kurumu Yayınları, Ankara: 1992, 486+87 s.; İsayeva Ş. 1926 Bakü Türkoloji Kurultayı ve Türk İnkılabına Tesirleri. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Gazi Üniversitesi, Ankara, 2000]. В 1930 г. Тувинская Народная Республика тоже перешла на латинскую графику.

Спустя некоторое время латинская графика перестала удовлетворять советское руководство, перешедшее к реализации политики ускоренного сближения и слияния народов. В русле этой политики был перевод всех языков народов СССР на письменность на основе кириллицы. Суть этой политики ясно выразил один из разработчиков этой реформы: "С ростом культурного уровня народов СССР латинизированный алфавит перестал удовлетворять потребности развития языков. Он не обеспечивал всех условий к сближению с культурой великого русского народа". После решения ЦК ВКП(б) и СНК СССР в начале 1939 года в течение трех месяцев осуществлен полный переход на кириллицу.

После распада СССР в 1991 г. во всех бывших тюркских республиках Советского Союза началось движение за восстановление латинского алфавита, был принят проект общетюркского алфавита из 34 букв. В настоящее время на латинский алфавит перешли Азербайджан, Узбекистан и Туркменистан.

Относительно Казахстана, который намерен поэтапно перейти на латинский алфавит, можно сказать следующее: здесь главным фактором является не сам переход, а форма и содержание перехода. Надо учесть традиции других тюркских народов, которые уже давно употребляют латинский алфавит. Точнее, для казахов важно графическое выражение таких специфических букв как с, ҫ, ҫ, ғ, ә, ө, ұ, і. Их ни в коем случае нельзя передать как j, ch, sh, gh, ä, ó, ú, ī.

Я надеюсь, что приняв латинский алфавит, Казахстан станет полноправным членом тюркского мира в области единого алфавита. О политической стороне этого вопроса по определенным соображениям не стоит говорить.

ЛИТЕРАТУРА

- [1]. Первый Всесоюзный тюркологический съезд 26 февраля – 5 марта 1926 г. Стенографический отчет. Баку: АССР, 1926, с. 498; далее: Стеногр. отчет.
- [2]. 1926-cı il I Bakı Türkoloji Qurultayı: stenoqram materialları, bibliografiya və fotosənədlər. Ruscadan tərcümə, önsöz və şərhlərin müəllifləri Kamil Vəli Nərimanoğlu, Əliheydər Ağakışiyev. Bakı: Çinarçap, 2006, 571 s.
- [3]. Adil Babayev. Azərbaycan dilçiliyinin tarixi. Bakı, 1996, 276 s.
- [4]. Стеногр. отчет, с. 247.
- [5]. Стеногр. отчет, с. 284-417.
- [6]. Стеногр. отчет, с. 417-419.
- [7]. И. Барахов. Итоги 1-го Всесоюзного тюркологического съезда // "Хозяйство Якутии", 1926, № 5, с. 37-50.
- [8]. Bilal N. Şimşir. Türk Yazı Devrimi. Türk Tarih Kurumu Yayınları, Ankara: 1992, 486+87 s.
- [9]. İsayeva Ş. 1926 Bakü Türkoloji Kurultayı ve Türk İnkılabına Tesirleri. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Gazi Üniversitesi, Ankara, 2000.

LATINIAN ALPHABET IN AZERBAIJAN

Ramiz A. - Baku State University, Baku, Azerbaijan.

Abstract. This article is about the history of the formation and development of the Latinian alphabet in Azerbaijan. The article focuses on the 1st Turkic Congress in 1926 in Baku is paid to special attention.

Keywords: Azerbaijan, Turkology, Turkologist, Latinian alphabet.

ƏZİRBAYJANDAĞY LATYN ƏLİPBİİ

Рамиз А. - Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан.

Аңдатпа. Бұл мақала Әзербайжанда латын әліпбиінің қалыптасуы мен даму тарихы туралы. 1926 жылы Бакуде 1-ші түрік конгресіне ерекше назар аударылған мақалада.

Түйінді сөздер: Әзірбайжан, түркітану, түрколог, латын алфавиті.

ӨОЖ ББК 63.5 73 (045)

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ ГЕОГРАФИЯСЫ МЕН МИФОЛОГИЯСЫ: ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Демеев А.Д., Бисенова Л.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Біздің көптеген құбылыстарды зерттеген, бірақ әлі күнге толық ашылмаған географиямыз бен мифологиямыз бар екені шындық. Кейде аталған бағыттардағы ашқан жаңалықтарымыз жан-жақты белгілі ме әлде белгісіз бе, өткен жолдарымыз жарқын ба немесе бұлыңғыр ма деген ой туындайды. Біз жекелеген географиялық және мифологиялық құбылыстарға немқұрайды қарайтындықтан көп нәрсені ұмыт қалдырған болуымыз әбден мүмкін.

Түйінді сөздер: География, мифология, Серікбол Қондыбай, экономикалық география, Маңғыстау географиясы, Маңғыстау - қазыналы түбек, Маңғыстау жер-сулары.

Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі: Жарытылысында табиғат сыйлаған зерттеушілік қасиеті бар жас ғалым Серікбол Қондыбай өзінің алғашқы ғылыми жұмыстарын географиядан бастады және еңбектерінде география мен мифологияның теориялық және практикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдай білді.

Мәселенің тұжырымы: Серікбол Қондыбай еңбектерінде халқымыздың рухани жаңғырында маңызы аса үлкен, ел аузында ұмытылмай сақталған, ғылыми тұрғыдан әлі де іздестірілуі қажет киелі орындарды зерттеген.

Жаңалық: Серікбол Қондыбай халқымыздың рухани жаңғырында маңызы аса үлкен, ел аузында ұмытылмай сақталған, ғылыми тұрғыдан әлі де іздестірілуі қажет киелі орындарды зерттеген.

Зерттеу әдістері: Теориялық ғылыми әдіс, Эмпириялық ғылыми әдіс, анализ және синтез, аналогия.

Зерттеу нәтижелері: Серікбол Қондыбай өлкенің өткенін жинастыру, географиясы мен тарихын, әсемдігін көре білу, туған жердің қайталанбас табиғи ескерткіштерін қорғау, жануары мен өсімдігін қалпына келтіру, тарихи объектілерді жөндеу деген ойды бала жастан сіңіру керектігін дәлелдейді. Жердің әсемдігі мәдениетті адаммен бірге дамуы тиіс. Ал мәдениеттің дамуы туған жердің эстетикалық байлықтарын сақтап көбейтпейінше, ешқашан мүмкін болмайды, өйткені халық

шығармашылығының қайнар көзі де, болашақ экономикалық гүлденудің негізі де - осы туған жер екендігін шебер суреттейді.

Қорытынды: Серікбол Қондыбай зерттеулеріндегі география мен мифология ұғымдарын үйрену үшін, біздің ойымызша, ең алдымен, оның нені зерттейтінін, бұлардың адам мен қоғам өміріндегі орны қандай екенін түсіну қажет. Олар тек ғылымдардың бірі ғана емес, білім мен сенімнің, ой мен сезімнің, көңіл күй мен мақсат мүдденің, үміт пен ниеттің тағы басқа түрлі жақтарының бірігуі болып табылады.

Біздің көптеген құбылыстарды зерттеген, бірақ әлі күнге толық ашылмаған географиямыз бен мифологиямыз бар екені шындық. Кейде аталған бағыттағы ашқан жаңалықтарымыз жан-жақты белгілі ме әлде белгісіз бе, өткен жолдарымыз жарқын ба немесе бұлыңғыр ма деген ой туындайды. Біз жекелеген географиялық және мифологиялық құбылыстарға немқұрайды қарайтындықтан көп нәрсені ұмыт қалдырған болуымыз әбден мүмкін.

Біз көп жағдайларда әрбір географиялық нысанның, әрбір географиялық ашылымның, әрбір географиялық зерттеудің: жер мен көктің, адам мен тіршіліктің, теңіздер мен таулардың, өзендер мен көлдердің, топырақ пен шаруашылықтың, өсімдіктер мен жануарлардың мифтермен байланысты пайда болғанын үнемі ескере бермейміз.

Маңғыстау географиясы мен мифологиясына сүбелі үлес қосқан және түбегейлі зерттеген Серікбол Қондыбайдың география және мифология проблемалары баяндалған еңбектерін үйрене отырып келесі мазмұндағы тұжырым жасауға болады: теория - бұл көптеген құбылыс белгілі болғанда туындайды, бірақ ол әлі жұмыс жасамайды; эксперимент - бұл біз ештеңені білмей жұмыс жасағандакеліп шығады; ал теория мен экспериментті біріктіргенде - ештеңе жұмыс жасамайды және біз әлі күнге көп нәрсені білмейтін болып шығамыз.

Барлық нәрсені іздеу және оны табу барысында кейде «химера» (Химэра - грек мифологиясында басы мен мойны - арыстан, кеудесі - ешкі, құйрығы - жылан көрінісіндегі Айдаһар) шығып жатады.

Алайда географтардың «құтқарушы» эмпиризмі - (көне грекше: тәжірибе - сезім тәжірибесін білімнің бірден-бір көзі деп есептейтін, барлық білім тәжірибеге сүйенеді дейтін таным теориясындағы бағыт. Кейбір эмпириктер (Гоббс, Юм) рационализмнің ықпалымен тәжірибе білімге қажетті және жалпыға бірдей маңыз бере алмайды деген тұжырымға келді) олардың тікелей проблемасын шешуге үнемі мүмкіндік бермейді: тек ең кең тараған заңдарды іздестіру және іздеу, кем дегенде, кеңістікте уақытша жүйелер мен құрылымдарды құру қасиеттері мен эвристикалық (Эвристика - жаңалықтарды ашу мен оқытуда қолданылатын шығармашылық қызметті, тәсілдерді зерттейтін ғылым) принциптері болып табылады.

Осыған орай зерттеуші ғалымдардың көбі түбегейлі дәл деректер арқылы география мен мифологияның әлемдік даму процесіндегі орнын әлі күнге толық көрсетіп бере алмай келеді.

Жарытылысында табиғат сыйлаған зерттеушілік қасиеті бар жас ғалым Серікбол Қондыбай өзінің алғашқы ғылыми жұмыстарын географиядан бастады және еңбектерінде география мен мифологияның теориялық және практикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдай білді.

Осы бағытта жас дарын иесі аса құнды «Маңғыстау географиясы», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» (2000), «Эстетика ландшафтов Мангистау» (2005), «Маңғыстаунама» (2006) атты географиялық еңбектерін жазды.

Аталған еңбектерінде ол халқымыздың рухани жаңғырында маңызы аса үлкен, ел аузында ұмытылмай сақталған, ғылыми тұрғыдан әлі де іздестірілуі қажет киелі орындарды зерттегендігін білеміз.

Олардың кейбіріне тоқтала кетейік.

Серікбол Қондыбай «Маңғыстау географиясы» еңбегінің Маңғыстау географиясы аталатын бөлімнің «Маңғыстау - қазыналы түбек» атты 2-ші параграфында - Үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстау қайталанбас табиғат өлкесі, қазаққа құтты қоныс болған жер, соған нендей теңеу сөз айтылмады десеңізші! - деп жазады.

«...Нағызшөл, құм немесе тас! Еңболмасакөгалдыбіралқасы, нулыбірөлкесіболсайшы. Еңболмасакөзтігерліккөгілдіртауы, ауызшаярлықағындыөзені де жоқ. Қарай-қарайкөзталар, мұңбасаршерліжүректі» депақын Тарас еріккендіктенайттымаекен?! Бірақол да Маңғыстаудықарғап-сілепкеткенжоқ, атыншығарыпмадақтапкетті. МөңкеніңМұратыайтқандай, «шандықиянМаңғыстау» қандайбақыттысәттердің, қаншамақуаныш пен қайғыныңкуәсіболмадыдесеңізші?! - деп белгілейді

Ол Бүгінде Маңғыстау - іргелі өлке. Қайталанбас табиғаты, есепсіз байлығы бар өлке. Ол ұйқыдағы ару емес, ұйқыдағы алып батыр өлкесі. Маңғыстау бос жатқан иесіз құла, сұрқай шөл емес. Жақындап келіп ала тауларға, шыңдар мен сайларға үңілсең, Темірхан ақын айтқандай: «Сен оған алыстан қара, сонда оның біртұтас организм екенін бұлжытпай мойындарсың! - деп баға береді

Маңғыстау табиғаты қандай романтикалық ой сарынын тудырмады десеңізші... «Маңғыстауға барған сапарды жұлдызды өлкеге жасаған саяхат деуге де болар еді. Мен еш жерде мұндай жұлдыз нөсерін, олардың көз шаршатар жарқылын көргем жоқ. Оның жарқындығы сондай, түн сайын шексіз тұңғықтан жұлдыздар осынау үнсіз Маңғыстауға ұшып келіп жатқандай сезіледі». Бұл - К.Паустовскийдің сөзі.

Маңғыстауды көрген, зерттеген адамдар да кейінгілер есте сақталарлықтай көркем теңеулер қалдырыпты. Өткен ғасырда осы өлкеде айдауда болған поляк Бронислав Заллеский Маңғыстау таулары туралы: «Күн сәулелері бұлттардан өте осынау тауларға алуан түрлі, әр бояу тигізіп, ауық-ауық ғажайып көрік береді. Түнде, ай жарығында бұл жер басқа түрге бөленіп, бұрынғыдан да зор ғаламатқа айналады. Айдалада жалғыз отырып, осынау кеңістік пен үнсіздіктің ұлылығы мен ерен елестерге кенелген шөлді алқаптың ерекше бір тылсымына еніп кеткендей сезінесің» депті.

«Егер жер шарының геологиялық тарихын білгіңіз келсе, Маңғыстауды барып көруіңіз керек» деп айтқан Н.Андрусов сөзінде де қанша салмақ жатыр.

«... Егер сіз жер бетінің шөлдерінің барлық типі туралы, қарауытқан сеңгір де жалаң тау-төбелер туралы, аппақ және қызғылт түске боянған алып мұнаралы, биік баған мен қабырғалы қамалдары бар «шөлдің тас қамалдары» туралы санаңызда түсінік қалыптастырғыңыз келсе, куәстер мен шың-құздардың классикалық үлгілерін көргіңіз келсе, мұхит деңгейінен 130 м төмен жатқан құрлықта, тұйық ойыстарда болғыңыз келсе, түнерген тастақтарға қарағыңыз келсе, айран тақырлардың қатқылдығын байқағыңыз келсе, желдің ғаламат жұмысының ауқымын және шөлдің басқа да кереметтерін танып-білгіңіз келсе, Маңғыстаудан артық жерді таппайсыз. Бейне бір құпия сандықша ішіне толтырылғандай, бұл өлкеде, шағын кеңістікте шөл табиғатының сан алуан құбылыстары мен көріністері жинақталған» (Б.А.Федорович. «Лик Земли», 1950).

«Ал егер әуеге көтеріліп, Маңғыстау мен Үстірт үстін шарлап өтсеңіз, бір кезде осы екі құрлықты түгел жауып жатқан Тетис теңіздің толқындары мен суасты ағындарының ізі алақанымыздың әжіміндей сайрап жатар еді. Соларға қарап, бір кезде осы екі құрлықты басып жатқан топан судың қалай тартылғанын, оның орнында пайда болған шөгінді қабаттардың қалай түзілгенін айтпай-ақ аңғарар едіңіз» (Әбіш Кекілбай). Сол кәрі Маңғыстаудың өне бойында тұнып тұрған тарих пен аңыздарды ұзақ сонар жолдар, құдықтар мен зираттар сыр етіп шертеді. Бұған қанағат етпесеңіз,

оны бабаларымыз қадымнан мекен еткендігінің айғағы - шежіренің парақтарын Қашаған ақынның жырлары мөлдіретіп айтып береді.

Маңғыстау тек кешегі мен бүгіннің ғана емес, ХХІ ғасырдың, үш мыңыншы жылдықтың адамзат баласын таңғалдырар Маңғыстауы болмақ. Тәуелсіз, әлемдік қауымдастыққа қосылған Қазақстан үшін Маңғыстау қазыналы қарт өлке, қорлы өлке болып қала бермекші!

Осы мәліметтері арқылы Серікбол Қондыбай - өткен қоғамдағы әлеуметті-экономикалық дамудың төмен болуы, адамның табиғаттың әртүрлі күштеріне қарсы тұра алмауы, сонымен қатар өзінің өмірге деген қажеттіктерін өтеу жолындағы сол табиғат құбылыстарын сезіну және түсіну іңкәрі - мифтердің Дүниеге келуінің қайнар көзі және географияның басты мәселесі болып табылатындығын дәлелдейді.

Ол «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қыр-сырына талдау жасаған кітабында миф туралы мынадай пікірді келтіреді: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне-бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы.

Миф - нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, нақты бір саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тіршілік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда - «түсіндім» деген стереотипі. Яғни - бұл жағдайдағы Миф - ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы Шындығы, басқаша айтқанда - «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты [Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы Алматы, Үш қиян, 2003, 21].

Ғалым еңбегінің «Маңғыстау жер-сулары» аталатын 2-нші бөлімінің «Жыл мезгілдері және амалдар» аталатын 5-ші параграфында - Қазақтар жыл мезгілдердің ауысуын өзіне ғана тән ерекшеліктермен атайды, мәселен, көктем туды, жаз шықты, күз түсті, қыс келді. Осы сөз тіркестерінде үлкен дүниетанымдық үрдіс жатқанын байқау қиын емес.

Ауа райының әр айда, әр маусымда болып тұратын құбылыстарын «амал» деп атайды. Ол алғашында Айдың белгілі бір аспан денесіне (көбінесе Үркер шоқжұлдызы, сондай-ақ Сүмбіле, Таразы, Қамбар жұлдыздары) қозғалыс барысында жуықтауына, ұшырауына байланысты осылайша аталған, кейін осы заңдылық ұмытылып, тек ауа райының ерекше болған күндердің атауы ретінде сақталып қалған.

Көктем. Қазақтар үшін жыл басы осы кезден басталған. Көктем айларын Маңғыстауда хамал, сәуір, зауза деп атаған және жыл басы наурыздың 14-інен басталған. Наурыз айында күн жылына бастағанымен, айдың аяғы мен көкектің басында «бесқонақ» амалы (кейде оны, «амалдың ақша қары» деп те атайды) өтпейінше, шын мәнінде көктем туа қоймайды. «Бесқонақ» амалын кейде 14 наурыздан кейінгі бес күнге де телиді. Одан кейінгі екінші амал - «Құралайдың салқыны» деп аталады. Бұл кезде киік, қаракұйрық көкек айындағы салқында лағын өргізеді. Мамыр айында өлкеде «тасбақа дауылы» өтеді, тасбақа інінен шыға бастаған кезде, шаңды борандар болатынын халық байқаған.

Жаз. Маңғыстау жазы ұзаққа, мамырдың аяғынан қыркүйектің ортасына дейін созылады. Жаз айларын өлке тұрғындары саратан (маусым), әсет (шілде), сүмбіле (тамыз) деп атаған. Мамыр-маусым айларында көрінбей кеткен Үркер шоқжұлдызы маусым-шілде айларында қайта туады, осы жұлдыз көрінбеген кезең «қырық күн

шілде» деп аталған. Жаз айлары құрғақ болады, шөптің бәрі қурап кетеді. Жаз айларының аяғында, яғни шілденің аяғында «Таразы» жұлдызы, тамыздың аяғында «Сүмбіле» жұлдызы көріне бастайды. Халық арасындағы «Таразыда таң суып, Сүмбіледе су суиды» деген сөз жаздың аяқталып келе жатқандығын көрсетеді. Жаз айларында Маңғыстауда күйындар жиі болады.

Күз. Қыркүйек, қазан, қараша айларын Маңғыстау қазақтары мизам, ақырап, қауыс деп атайды. Осы кезеңде күн де салқындап, өлкенің ылғалды кезеңі басталады.

Қыркүйектің орта, соңғы кездерінде «мизам шуағы» деген амал өтеді, ол күннің уақытша жылынуымен көзге түседі. Ал қазан айында «үлкен қазан», «кіші қазан» амалдары болады. Бұл кезде жаңбыр көбеюіне байланысты ащы шөптер (шағыр, сораң, қара жусан, алабота, т.б.) пісіп, тұшиды, оны "шөпті қазанның қағуы" деп атайды. Осы кезде ғана ащы шөптер мал жеуге жарамды болады. Қыркүйек-қазан айларында киік, қаракүйырқтың текесі үйірге түсетін кезді «киіктің матауы» деп атайды. Күзде қырау түсе бастайды, ал саздық жерлер жаңбыр суына езіліп, салқындауға байланысты ұзақ уақыт кеппей жатады.

Қыс. Маңғыстау қысы салыстырмалы түрде жылы болғанымен, желдің күшеюіне байланысты температура күрт төмендейтін кездер де болады. Қарсыз, құрғақ борандар жиі болады. Қыс айларын жергілікті халық жәді, дәлу, үг деп атайды.

Қаңтар айында күшті борандар («қаңтардың қарлы бораны») болады.

Мәелен, Кемпірқосақ - жанбыр жауғаннан кейін көрінетін таңғажайып сұлу табиғат құбылысы. Кемпірқосақтың көк өңі басқа өңдерінен ашық көп болса, бұл ауа райының өзгеріп, нашарлауының белгісі, егер жасыл өңі басым болса, күшті жауын жауатынының сыңайы, ал қызыл түсі молырақ көрінсе, аспан ашылып жел соғатынының белгісі болмақ. Бұл құбылыс жайлы мифте - Көк пен Жердің арасына тартылған көпір, өлгендердің жандары соның бойымен басқа әлемге көтеріледі деген ұғымды да білдіреді. Кемпірқосақ сөзі бұл кемпірдің қосағы дегенді білдіреді - ұзын арқанмен мойындарынан бір-біріне айкастыра тіркеп байлаған қой, ешкілер тобы. Өлі күнге дейін жайлауда, қой-ешкілерді саумас бұрын жан-жаққа бытырап қашып кетпес үшін оларды матастырып байлайды. Аспан елінде тұратын бай кемпір қосағындағы қойларын осылай жинап, ылғи жауыннан кейін сауады деп есептеледі. Ол кемпірқосақтың көмегімен қойларды екі жағынан ілгекке іліп, қосақтап, жерге байлап қояды, Қосақталған қойлардың түр-түсі сан алуан болғандықтан, кемпірқосақ та түрлі-түсті.

Қазақ халқының аспан, ғарыш денелері арқылы ауа райын болжау дәстүрлерінің бірі Ай мен Үркердің бір - біріне жақындауы және алыстауы. Бұлардың өзара жақын, алыс болуын халық тоғыс, тоғысу деп атаған. Соған сәйкес халық ауа райын болжап, шаруашылығын, тіршілігін солармен сәйкестендіре жүргізіп келген. Қыс ортасында, ақпан айында күн батысымен тас төбеде Үркер шоқжұлдызы жарқырап көрініп тұрады. Осыған орай есепшілер тілінде және халық ауызында «Үркерлі айдың бәрі - қыс» деген сөз қалыптасқан. Ол сөздің төркіні қарапайым халықтың қыс айларында Ай мен Үркердің «тоғысу» құбылысын өз көздерімен көре алатынына байланысты. Маусым айының басында Үркер көрінбей кетеді. Содан кейін 40 күн шілде басталады. Біздің ата-бабаларымыз соған сәйкес: «Үркер жерге түспей жер қызбайды», - деген.

Қазақ халқы ауа райына тәуелділік, одан сақтану салт-дәстүрі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасты. Бүгінгі күні бұл әдістердің белгілі бір жердегі ауылдардың тыныс-тіршілігінде маңызы зор болмақ.

Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы қазақтар өздерінің білік-тәжірибесін шыңдап отырған, күдірет деп таныған заттар мен құбылыстарға сенген. Соған орай тотемдік және шамандық сенім қағидаларын нысана тұтқан. Ұлы тәңірден көптің көз жасын көруді,

елдің ырысын суалдырмай, тынысын кеңейтуді, сол үшін жаңбыр жаудыруды өтініп, алақандарын көкке жаяды. Бұл да қазақ өміріне сіңген ежелгі дағды. Ақ ниет пен шын тілеудің нысаны. Ш.Уәлиханов түркілердің Әбілғазидің деректерінен келтіре отырып, қазақтар «жай тасы» деп атайтынын, бұл жай тасы арқылы жауын шашып шақыра алатын қабілеті бар адамдардың ел ішінде көп екенін жазады. Яда тасының бір қасиеті бар екен: бас пайдасына немесе арам пиғылмен табиғатқа әсер етпек болғанның қолына түспейді, тек ниеті дұрыс, сыйқырлы тасты пайдалана отырып, елге жақсылық әкелетін, олардан ауыртпалықты аластатын адам ғана оған ие бола алады. Осындай адамға Тәңір Жад тасты өзі бермек - оны аспан бүркіті жеткізеді. Осы географиялық және мифологиялық ой-пікірлердің түрі өзгертіліп нақты баяндалған мазмұнынСерікбол Қондыбай еңбектерінде кездестіруге болады.

Кітаптың «Экономикалық-географиялық орны мен жағдайы» сипатталған 3-нші бөлімінің«Маңғыстау облысының проблемалары және экология»аталатын 4-ші тармағының «Арал мен Каспий» өңірі баяндалған 3-нші параграфында -Маңғыстаудың екі жағында орналасқан екі теңіздің бірінің тайыздануы, екіншісінің көтеріле бастауы да өлкеге қосымша проблемалар туғызып отыр. Каспий теңізінің көтерілуі бұрын теңіз асты болған 4 млн га жерінің ғана емес, одан да көп аймақтың теңіз астында қалу қаупін туғызып отыр. Бұл - сор басқан бос жер емес, бірнеше ондаған мұнай кәсіпшіліктері, малшы ауылдары мен қыстаулары, теміржол, автомобиль жолдары, құбырлар, электр және байланыс линиялары және мал жайылымдары бар территориялар. Сонымен қатар Каспий деңгейінің өсуі жерасты суларының тұздылығының артуына ықпал етуі ықтимал. Арал теңізі 2010 жылға таман өмір сүруін тоқтатады деп болжануда, ал оның Маңғыстау облысының шығыс шекарасынан алыс орналаспағанын білеміз. Қысқы мерзімде өлкеде оңтүстік-шығыс және шығыс желдерінің үстем болуы Арал теңізінің құрғаған орнынан көтерілген 80 миллион тонна тұзының біраз бөлігін Маңғыстау облысына, оның ішінде Бейнеу ауданының территориясына тасымалданып әкелінетіні айқындалды. Қазірдің өзінде Сам құмы орналасқан аймақта Арал әсері айқын сезілуде, топырақтың тұзды тозаңмен қанығуы, жерасты суларының тұздануы Маңғыстау үшін тарихи-геологиялық құбылыс болса, енді Арал есебінен бұл процесс үдей түспек. Бұл суының біраз бөлігін құбыр арқылы Өзенге жіберіп отырған Сам үшін су табу мәселесін ушықтырса, екіншіден, жайылымдарды істен шығарады деген сөз.

Арал проблемасы - Қазақстанның, тіпті Орта Азияның ғана емес, дүниежүзінің проблемасы, өйткені тұтас бір теңіз жоғалғанда, ғаламдық климатта қандай өзгерістер болатынын әлі ешкім анықтаған жоқ - деп ғылыми тұжырымдар жасайды.

Бұл бүгінгі күні әлемде қызығушылық танытып отырған үлкен географиялық проблеманың ортасында тұр.

Еңбектің «Адам экологиясы»аталған тармағының 5-нші бөлімдеосы мәселелердің барлығы бір нүктеде қиылысады. Ол - Адам. Адам - биологиялық, сондай-ақ әлеуметтік тіршілік иесі. Адам табиғаттың құрамдас компоненті болып табылады. Табиғат, табиғи географиялық орта белгілі бір дәрежеде адамның өмір сүру образың басты өмірлік кәсібін, яғни мәдени-шаруашылық типін анықтап береді. Мәдени-шаруашылық тип кез келген этностың мәдениеті мен өнерін, дүниетанымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін анықтайды. Қазақ халқы да көшпелі өмір салтының нәтижесінде өз мәдениетін, өз дәстүрін жасады. Еуразияның алып даласы, оның климаты табиғатының 3 мыңжылдық тек көшпелі малшылық кәсібін ғана қажетті еткен. Өйткені кең даланы игеру тек осы кәсіппен айналысқанда, ғана мүмкін болса, екінші жағынан Еуразияның жер ортасында өмір сүрген халық өзінің мәдениеті мен тәуелсіздігін, еркіндігін тек үнемі қозғалыста жүргенде ғана сақтай алды - деген географиялық, әлеуметтік, философиялық маңызды ой қозғайды.

Серікбол Қондыбай кітабының «Маңғыстау жертарабы және оны игерудің жаңа бағыттары» жазылған 4-ші тармағының «Туризм» мәселелері қозғалған 1-нші параграфында - Маңғыстау Қазақ елінің басқа өлкелеріне қарағанда өзінің сыртқы (географиялық-пейзаждық) келбетін біршама жақсы сақтай алған. Бұған жер-су атауларының сол күйінде сақталуы, жер бедерінің сыртқы пішіндерінің өзгермеуі дәлел. Дегенмен, өлкенің өткенін жинастыру, географиясы мен тарихын, әсемдігін көре білу, туған жердің қайталанбас табиғи ескерткіштерін қорғау, жануары мен өсімдігін қалпына келтіру, тарихи объектілерді жөндеу деген ойды бала жастан сіңіру керек. Жердің әсемдігі мәдениетті адаммен бірге дамуы тиіс. Ал мәдениеттің дамуы туған жердің эстетикалық байлықтарын сақтап көбейтпейінше, ешқашан мүмкін болмайды, өйткені халық шығармашылығының қайнар көзі де, болашақ экономикалық гүлденудің негізі де - осы туған жер екендігін шебер суреттейді.

Аталған тармақтың «Маңғыстау: ертегі географиясы» баяндалған 4-ші параграфында - «Қобыланды батыр» жырындағы «Түйемойнақ», «Иіртау», «Сүйіртау», «Қыземшек», «Қаратау», «Манашы» деген жер-су аттарының Маңғыстау - Үстірт өңірінде кездесетінін байқауға болады?!

Әрине, осының бәрі Маңғыстауда болған деп географиялық картаға «көгендей» салу болмас, өйткені ауыз әдебиетіне тән анахронизм көркем әдебиеттілікті көрсеткенімен, нақты тарихшылықты көрсете алмайды. Сонда да оқиға біздің жерде өткен-ау деген ой адамға рухани ләззат береді, оның санасында туған жердің мәртебесін өсіреді. Жырдағы Қобыланды қалмақтың Қырлы-Сырлы қалаларын ойрандайды, ал әлгі қалалар Қасқарлақ таудың басында, Алтынды таудың астында орналасқан делінеді. Географиялық фантазия өлкені білетін адамдар үшін Өрмелі мен Маната маңындағы Алтынды тау мен Шетпе жанындағы Қасқыржол тауын осы аңыздық объектілерге айналдырар еді.

Маңғыстау сирек қонысты, табиғаты қатаң, географиялық тұрғыда оқшау орналасқан аймақ. Оңтүстік Қазақстан, яғни Түркістан өңіріндегі белгілі Баба Түкті Шашты Өзіз, Шопан ата, Қошқар ата сияқты т.б. әулиелердің «баламасы» Маңғыстауда да бар. Неліктен? Қожа Ахметтің шәкірттері (Есен, Шопан, Қараман, Дәніспан, Омар, т.б.) осында өмір сүрген. Маңғыстау - бүкіл қазақ жерінде ертегі-аңызды шоғырландырған үш өлкенің (Түркістан, Орталық Қазақстан және Маңғыстау) бірі, ал қазіргі кездегі өзінің аңыздық стереотипін, бейнесін сақтаған, «киелі өлке», «360 әулие мекені», «ертегі-аңызды» деген теңеулерге ие жалғыз өлке.

Маңғыстау түрікмендерінің абдал руының аңызында өтірік айтып, жала жапқаны үшін Қараман, Ақман деген екі жігітті ақ және қара төбетке айналдырады. Олар өз руластарын Түрікменстаннан батысқа қарай қуып, Маңғыстауға дейін әкеледі. Қызқырылған, Бесоқтыдан өткесін Оңтүстік Маңғыстаудағы жеті мұнара деген жерде Қабдал батыры екі төбетті атып өлтіреді. Өлер алдында иттер: «Өлтірмей кідіре тұрғанда сендерді құтты, бай өлкеге жеткізетін едік, енді сендердің мекендерің осы Маңғыстау болмақ» депті-міс. Бұл - ертегілік қасиеттің Оңтүстік Қазақстаннан Маңғыстауға келіп қоныс тебуі.

Шеткері, оқшау аймақ әрқашан да басқа мифтерді өзіне сай өңдеп жетілдіреді, өйткені осындай аймақ тұрғындары еркіндік сүйгіш, өр келумен қатар ескі дәстүрлерді сақтағыш келетіні де ақиқат. Адайды Маңғыстауға бастап келуші батырлардың бірі Есенғұлұлы Есетке қатысты таутайлақ, сондай-ақ көп жылда бір теңізден шығатын (Қайдақ шығанағында) су айғыры (сусын айғыр, теңіз аты) сияқты мифтік кейіпкерлер қазақ ертегілерінде тек Маңғыстау қазақтарында сақталғаны осының айғағы.

Маңғыстау географиялық картасында ойын орын алған белгілі бір жерге телінген ертегі-аңыздар жеткілікті. Олар: Қарағантүпте-Мерет-Тамшалы, Молдатас, Таушық-Сарытас өңірінде ноғайлы аңыздарымен қатар айдаһар мен үлкен жылан

туралы аңыздар, Керелдегі Қаламқас ару аңызы, тіпті ең соңы Құлбарақ пен Балуанияз батырлар туралы аңыздар.

Маңғыстаудың географиялық нақтылыққа ие болған аңыз-ертегілерін былай топтастыруға болады.

1. Жер-су атауларының мәнін түсіндіретін аңыз-ертегілер: Қаламқас, Маната, Манашы, Күйкен, Аппақұшқан, т.б.

2. Географиялық объектілердің тау, тебе, т.б. сипатын түсіндіретін аңыздар: Кендірлідегі Темір баба аңызы, Ерсарының қайраты және Ерсарыға қатысты әңгімелер, Мерет сұлу аңызы, т.б.

3. Нақты мифтік топонимдер: айдаһар мен жыландар ауланды, өлтірілді делінетін Батыс Қаратаудың төңірегіндегі сай, үңгірлер.

4. Зираттар мен құдықтарға байланысты аңыздар, бұл ертегі-аңыздардың ең көп бөлігін құрайды.

5. Маңғыстауда өмір сүрген, дені Х-ХІ ғасырлардағы суфистік дін уағыздаушылары болған мұсылман әулиелері туралы және кейінгі қазақтың киелі кісілері туралы аңыздар.

Бұлардың саны да жеткілікті және географиялық орны да белгілі. Бекет ата мен Оғланды, Омар ата, Есен мен Қараманата, Шопаната, Шақпақата, Ұшқаната, Масатата, Темір баба, Дәніспан, Баба Түкті Шашты Әзіз және т.б.

Серікбол Қондыбай «Маңғыстау географиясы» кітабында 360 саны хақындатарихи, әлеуметтік, географиялық, философиялық, мифологиялық тұрғыдан дәлдікпен тереңбаяндайды. Ол Маңғыстаудағы әулиелер саны кейде 360, кейде 362 болып айтылады. Бізге белгілері 100-дің о жақ, бұ жағында, бірақ қазақ сенімінде әрбір мола - қауымдықтың кем дегенде бір әулиесі болуы тиіс, ал ежелгі қазақ, түрікпен және оларға дейінгі қауымдықтардың санын әлі ешкім есептеп көрген жоқ, мемлекеттің есебіндегі қауымдықтар да тек тарихи-архитектуралық бағалау тұрғысынан ғана жүргізілген. Сондай-ақ бізге белгілі қауымдықтар екі-үштен әулие саналған адамдардың жату айғақтары бар. Міне, олардың барын ескере келгенде, Маңғыстау мен Үстірттегі және Жылойдағы әулиелер саны 360 түгілі 1000-нан да асатындығын шамалай аламыз.

360 саны туралы қисынды пікірлер бар, ол бойынша 360 саны - шеңбердің градусық көрсеткіші, қазақы жыл санаудың көрсеткіші (360 күн немесе «бесконақ») болуымен қатар, мұсылмандық символ болып табылады, яғни мұсылманға дейінгі Меккедегі Қағбада арабтың 360 пірінің пұты болған. Демек, 360 саны Ислам символикасына танымал. Осы пікірлерді қолдай отырып, «бұл сан әрқайсысында 40 дәруіштен (баптан) бар тоғыз сопылық секта-қауымды білдіруі» мүмкін деген қосымша тұспалдың да бар екендігін айта кетеміз.

Ізбасар Шыртанов көне басылымдарда келтірілген «Қожа Ахмет Яссауидің 1149 шәкірті болғанын, соның ішінде бір жылда бітірген 363 шәкіртін Маңғыстауға жібергендігі» туралы аңызды келтіреді. Солардың 362-сі Маңғыстауға жетіпті де, біреуі жете алмай қалған екен, оның есімі Гобби екен (бұл туралы Сұлтан-епа мақаласынан қара).

Кесте 1 - Өрқашанда бөлінбейтін «бір» санымен беріледі

Жоғарыдүние	Әке	Өрқашанда бөлінбейтін «бір» санымен беріледі	1
Орта дүние немесе адамзаттар қоғамы	Ұрпақтар	Орта дүние бөлінгіш, сондықтан ол іс жүзінде кез келген киелі санмен п беріле береді. Ал үшеуінің қосындысы өрқашан да п +2 түрінде болады	4, 7, 10,30, 60 90, 360
Төменгі дүние	Шеше	Өрқашан да бөлінбейтін "бір" санымен беріледі	1

Ал 360-қа қосылған 2 саны таза көшпелі дүниетанымның (мифологияның) көрсеткіші болыптабылады. Қазақта белгілі «тоқсан баулы» немесе «тоқсанекі баулы» қыпшақ, өзбекноғай, «отыз баулы» немесе «отызекі баулы» қоңырат, сонымен қатар, 60 не 62 баулы қоңырат, 60 не 62 тамыр, 10 не 12 мүшел деген көрсеткіштеріне ортақ сан - «2», ол тұрақты көрсеткіш ретінде 360, 90, 60, 30, 10, 4, 1 сандарына қосылып, символ сандар ретінде пайдаланылады.

Наступит момент, когда обычные пользователи не только осваивают мультимедийные средства, но и сами станут их авторами, так как они живут в мультимедийном окружении: кино, телевидение, DVD, мобильные телефоны, компьютеры с выходом в Интернет стали доступны большинству членов общества. И поэтому преподаватели, активно занимающиеся разработкой ММТ, должны обладать достаточным уровнем подготовленности. Это означает, что педагоги должны владеть навыками продвинутого пользователя, быть специалистами в области своей профильной специализации, владеть методологией информатизации образовательной деятельности, интегрировать мультимедиа в свою педагогическую деятельность и что организация занятия с использованием мультимедиа предъявляет повышенные требования к личности преподавателя. Современный учитель должен оперативно ориентироваться в комплексе имеющихся учебных анимационных и видеоматериалов, уметь отбирать и готовить их к занятиям, научиться редактировать и сохранять видеоматериалы на цифровом носителе в нужном формате, включать их в состав учебных презентаций, форматировать предметные коллекции видео и т.д.

Таким образом, использование в учебном процессе мультимедиа может рассматриваться как эффективное, так как благодаря многофункциональности данного дидактического средства появляются условия для более полного достижения педагогических целей учебного процесса вуза.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан, № 70, 12.04.2017 г
- [2] Моисеев Н. Информационное общество как этап новейшей истории // Свободная мысль, 1996, № 1. - С. 81-83.
- [3] Информатика. Базовый курс. Учебник для вузов под ред. С.В.Симоновича. С-Петербург, 1999. – 640с.
- [4] Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. -М.: Школа-Пресс, 1994.- 205с.
- [5] Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование общеобразовательных электронных изданий и ресурсов. – Алматы, 2006. – 136с.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ЖОСПАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТ МҮМКІНДІКТЕРІ

Битикова А.И. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан.

Андатпа. «Жоғары білім беру үдерісінде мультимедианы пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктері» мақаласы білім берудегі ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесіне арналған.

Мақаланың басталуы қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру үдерісі туралы айтады, онда басты рөл білім беруді ақпараттандыруға жатады.

Бұдан басқа, біз мультимедиа тәрізді ақпараттық технологиялар және білім беру саласындағы мультимедианы енгізу, тиісті компьютерлік бағдарламалардың пайда болуына және жаңа оқыту әдістерін әзірлеуге ықпал ететін салалардың бірі туралы айтып отырмыз. Мультимедиалық технологияны меңгеру мұғалімге шығармашылық қабілеттерін анимацияны, бейне, дыбысты пайдалануда береді, ол қазіргі заманғы оқу процесінің сапасын жақсартады, студенттердің назарын аударады, ақпараттың жақсы түсінуіне, түсінуіне және есте сақтауына ықпал етеді.

Осыған байланысты ол жоғары білім беру үдерісінде мультимедияны пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктерін көрсетеді және оны пайдалану интенсификация, рационализация және көріну принципі сияқты негізгі дидактикалық принциптерді іске асыруға ықпал етеді.

Мақала білім берудегі ақпараттық технологиялармен айналысатын жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, зерттеушілерге және аспиранттарға қызығушылық тудырады.

Түйінді сөздер: білім беруді ақпараттандыру, жаңа ақпараттық технологиялар, мультимедиа, дидактикалық принциптер.

OPTIONAL MULTIMEDIA OPPORTUNITIES FOR HIGHER SCHOOL TRAINING

Bitikoba.A.I. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article «Didaktis waus of using multimedia in education process of higher schools» is devoted to the problem using information technologies in education. In the beginning of the article, the process of modern society information is given and where educational information takes the main place. Further there is one of the information technologies direction as multimedia and introduction means of multimedia into education and it promotes computer programs develop new methods of teaching. Mastering the multimedia technologies gives possibilities for teachers' creation to use animation, video, sound, which raise the quality of modern educational process, concentrate learners attention develop understanding thinking and memorize information. According to the didactic ways of using multimedia educational process of higher schools and using multimedia helps to realize the main didactic principles as principles of intensification rationalization and visual methods.

This article represents the interests for teachers and students of higher educational institutions, scientific workers and educational institutions, scientific workers and postgraduates who workers with information technologies in education.

Keywords: education informatization, new information technologies, multimedia, didactic principles.

ӘОЖ 908: 37(045)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX-XX ғасырлардағы Маңғыстаудағы білім беру ісінің даму тарихы зерттелінеді. Жазбаша деректер мен зерттеулер бойынша өңірдегі сауаттылық деңгейі, алғашқы мектептердің ашылуы, оқушы саны, оқытушылар құрамы, ағарту ісіндегі негізгі қиындықтар мен жетістіктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: сауатсыздық, медресе, мұсылмандық мектеп, уезд.

Елбасы жыл сайынғы Жолдауында білім мен ғылым саласына аса мән беретіні баршамызға белгілі. Ұрпақ тағдырын бәрінен де қымбат санап білім саласын заманға сай дамытуда ұлттық тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігу бағыты анықталуда. Қай уақытта болса да дүние жүзі халықтарының барлығының да мәдени деңгейін аңғартатын негізгі көрсеткіштердің бірі олардың сауаттылығы мен ондағы оқу ағарту ісінің жолға қойылу дәрежесі екені белгілі нәрсе.

Біздің қоғамның дамуының негізі адам факторы, оның білімі, мәдениеті, күш-жігері, еркі мен табандылығы. Жаһандану заманында әлемді өзіне қарату үшін рухани байлық пен мәдениет керек десек, біздің еліміз ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан рухани тәжірибеге бай халық. Ағартушылық пен халықтың білім деңгейі - ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының көрсеткіші. Ол экономика, саясат және мәдениет салаларындағы өзгерісті бейнелеп қана қоймайды. Сонымен бірге, өзі де осы өзгерістерге белсенді түрде әсер етеді. Білім-жеке адамның әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді араласуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Маңғыстау өзінің табиғат жағдайына байланысты негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ жұртшылығының шеткері жатқан қысқа мекені болып табылады. Мұның өзі Маңғыстаудың XIX ғасырды ортасына дейін Ресей мен Орта Азияның мәдени-экономикалық ықпалынан қалыс қалып, онда мекендейтін халықтың мәдени деңгейі өзгешелігінің негізгі себебі болды. Ү.Қыдыралынның «Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы» атты еңбегінде былай деп көрсетеді: «1836 жылы Маңғыстауда 18911 қазақ және 825 түрікмен жанұясы көшіп жүрген. Ал Маңғыстаудың негізгі тұрғындары болып есептелетін адай рулы қазақтарының XIX ғасырдың 90 жылдарындағы саны 20 мыңдай түтін болған. Олардың ауқаттылары қырда көшпелілік жағдайда мал өсірумен, кедейлері теңіз жағасында балықшылық кәсібімен күнелткен.

Кешегі кеңес өкіметі жылдарында қазан төңкерісіне дейін Маңғыстау түбегі тұрғындарының сауаты, оқу-тоқуы жөнінде біржақты деректер ұсынылып келеді. Онда мұсылман оқу орындары сауат ашу болып есептелмей, тек қана орыс-қазақ мектептері көрсетілгендіктен мұндағы халықтың сауатын шындыққа сыймайтындай тым төмен санаған. Мәселен, осыншама қазақ қауымының төңкеріске дейінгі мәдени деңгейінің «төмендігінің», олардың «сауатсыздығы» туралы профессор Ә.Тұрсынбаев «...Орта Азияда 1000 адамның 81 сауатты болса, Қазақстанда небары 20 адам ғана хат танитын еді» десе, Ә.Сембаев қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ халқының сауаттылық деңгейінің небары 1-2 процент шамасынан аспайды, ал шалғайдағы Маңғыстау қазақтарының сауаттылық жағдайы одан да төмен деп, өрескел бұрмалаған. Мұндағы «сауатсыз-дық» қазақ халқының оқу-білім негіздерін меңгеруге тумыстан қабілетсіздігінің салдары-нан емес, қайта мәдениеттің барлық түрін дамытарлықтай табиғи мүмкіндіктің молдығына көптеген қалымдар таңдана отырып, сауатсыздықтың негізгі себебін көпшілік халыққа жүйелі білім беріп, сауатын ашарлық мектептің XIX ғасыр ортасына дейін болмауы мен XX ғасыр басында тым жеткіліксіздігінен деп біледі. Мұнда да мұсылманша оқу есепке алынбаған» [1].

XIX-XX ғасырдың аралығындағы Маңғыстау халқының тарихи белестерге сай білім деңгейі өсу бағытында болды. Маңғыстау елі Қазан төңкерісіне дейін өз балаларын жергілікті жерлердегі мешіт-медреселерде оқытты. Сөйтіп олар араб, парсы, түрік тілдерін меңгерді, осы тілдерде сауат ашып келді. 1892 жылғы мәлімет бойынша, Маңғышлақ уезінде 34 медресе болды. Онда 492 оқушы (оның 322 – ер, 170 – әйел) оқыды. Уездегі болыстықтар бойынша талдасақ, Райымберді болысындағы 4 медреседе

162 оқушы оқыған. Уездегі медреселердің ішіндегі ең ірісі осы медресе болып табылады. Түрікмен-Адай болысында 7 медреседе 82 ер, 21 қыз бала, барлығы 103 оқушы оқыған. Сондай-ақ, Маңғышлақ болысындағы 5 медреседе 23 оқушы (17 - ұл, 6 – қыз), І-Бозашыдағы 2 медреседе 81 - ұл, 48 – қыз, барлығы 129 оқушы, Түрікмен болысындағы 4 медреседе 45 ұл, 30 қыз, барлығы 45 оқушы болған. Бұдан басқа 12 медреседе оқыған балалар саны көрсетілмейді [2].

Ел арасында ғылым, дін, мәдениет, егіншілік, бағбандық дәстүрлері Шығыс елінің білімін таратқандар арқылы халық арасына тарады. Оқытушылар көбінесе молдалар, ахундар болды. Нақты мысалдарға келсек, Адай елінің Қосқұлақ атасынан өрбитін Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі туралы мәлімет бар. XIX ғасыр орыс зерттеушісі Э.Эверсман былай жазады: «Үстіртте таудан қашап жасалған» мешіттер парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген» - десе, орыс зерттеушісі Алексеев 1853 жылы жазған «Солтүстік Үстірттің жағрафиялық сипаттамасы» деген еңбегінде «бұдан елу жыл бұрын Жемнің жоғарғы жағындағы Ақмешітті Бекет жазғы мекен ретінде салдырған екен. Осы мешітте Бекет ұл балаларды оқытып хат танытқан» - дейді [3, 107 б]. Бекет-Ата халықты сауаттандыру, дін жолын уағыздау мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында уақытша мешіттер де ашқан. Сондай-ақ, Жаналыұлы Абдолла, Қырымқұл Әбді ахун Мырзайыр, Шегем Қыдырша Жәуперұлы, Шоңай Шайхы Кендірбайұлы, Айтқұл ахун Қараш Байқұл, Бектеміс Жары Ержан Төлегенұлы т.б. оқытушылар халық аузында үлгі болып қалған. Бұл оқытушы имам, ахундардың көпшілігінің білім алған жерлері Бұхарадағы Кекілташ-жоғары, Миралап-орта оқу орны, Хиуадағы Ширғазы медресесі және Уфадағы Ғалия медресесі.

Бірсыпыра жылдар бойы мұсылман мектептері мен медреселерінде білім алудың жарамсыздығы туралы пікірлес қалыптасқан. Алайда олар қазақ халқы сауаттылығының жалпы деңгейіне елеулі ықпал жасады, сонымен бірге қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесті. Сол кездегі қазақ қоғамының көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Мысалы, Маңғыстау уезінде 64 мұсылмандық мектептер болды. Оларда 1003 шәкірт оқыды [4].

1900 жылы патша әкімшілігі Каспий сырты облысындағы білім беру жүйесіндегі мешіттер мен оқу орындары туралы мәлімет жинайды. Сол мәліметте Маңғышлақ уезіндегі мешіт, медресе, мектептер мен олардағы оқушылар туралы мағлұмат бар. Осы мәлімет бойынша, 1900 жылы Маңғышлақ уезінде 2 имамдық, 1 соборлық және 1 приходтық білім беру орталықтары ресми тіркеліп, 29 мектепте 20-оқытушы, 214-ер бала мен 34 қыз бала – барлығы 248 оқушы оқиды деп көрсетіледі [5].

Тұрғылықты халық балаларына арналған европалық типтегі мектептер XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанда да болған жоқ. Ең алғашқы мектеп Бөкей ордасында 1841 жылы ашылған бастауыш мектеп еді. Қазақ балаларына арналған, жеті жылдық мектеп 1870 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан ашылып, әкімшілік аппараттық төменгі буындағы писарьлар мен тілмаштар даярлай бастады. Маңғыстау жеріндегі алғашқы орыс мектебінің ашылуы 1878 жылы жүзеге асырылды. «Саудагерлер Форттан өз товарлары мен факторияларын қорғайтын Армянская слабода бекінісін салдырып, балаларын оқытуға мектеп салдыруға 1878 жылы майда Кавказ наместнигі мен Маңғыстау приставына хат жолдайды. Франгуловтың екі бөлмелі шағын үйі, ортасынан тактаймен бөлініп, сол жылы күзде екі слободаның қоғамдық балалар мектебі дүниеге келді. Маңғыстау жерінде ұлт балаларының алғашқылары 1885 жылы осы мектепті бітіреді. Олар 8 қазақ, 2 түркімен баласы еді», - деп еске түсіреді зерттеуші Е.Өмірбаев [3, 109 б.].

1887 жылы Форт-Александровскіде бір кластық төрт жыл оқытатын мектеп ашылды. Бұған дейін де Николаев станциясында қазақ және түркімен балалары оқыған діни мектеп болғанды. Бұл мектептерде орыс тілі, арифметика және басқа пәндер

жүрді. Бұл мектепте 1887 жылы 10 қазақ және 3 түркімен балалары оқыған. 1893 жылы діни мектеп екі кластық училищеге айналдырылып, мұнда қайықшылар мен балташылар және темір ұстасы бөлімдері ашылған.

1896 жылы Николаевск станциясында 1 кластық қыздар училищесі және Кіші Долгий жерінде қыздар мен ер балалардың екі кластық училищесі ұйымдастырылды. Сол кезде Форттың бір кластық училищесінің жанында 14 адамдық интернат және 2 шеберхана ашылды. 1896 жылы интернатта 10 қазақ-ұлдары оқыды. Егер осы жылғы уездің сауатты адамдарының атаулы тізімі бойынша талдасақ, онда қазақша «жақсы сауатты» (араб қарпінде) 68 адам, оның ішінде орысша сауатты 8 адам болды. Сауаттылардың ішінде 25 адам хатшы болып жұмыс істеді [6]. 1905 жылы Форт Александровскідегі училищеде 55 бала оқыған. Ұлты жөнінен: 35 қазақ, 9 орыс, 6 түрік-мен, 2 армян, 2 парсы. Училище жанында қазақтардың қаражатына ұсталған ер балаларға арналған 20 орындық жатақхана болды [7].

Қазан төңкерісінен кейін медресе, мешіт жүйесі арқылы халықты сауаттандыру, имандылыққа, елдікке тәрбиелеу тұншықтырылып, халқымыздың өз салтын, тегін, тарихы мен дәстүрін ұмыту басталды. Ел ішінде орысша сауат ашу, ғылыми білімді тарату Маңғыстау халқын өзге дамыған елдермен нық күресе дамуына игі әсерін тигізбей қойған жоқ. 1919 жылы сәуірде Форт-Александровскіде халыққа білім беруді жолға қою жөнінде комиссия құрылды. 1920 жылы мамырынан бастап алғашқы мектептер жұмыс істей бастады. Шілде айынан бастап халыққа білім беру бөлімі іске кірісті. 1920 жылы Адай уезінде сауатсыздықты жою (саужой) жүйесінде қалада үш мектеп, уезде 1 мектеп жұмыс жасап, оларда 79 адам (64 қазақ, 15 орыс) бітіріп шықты. Жиырмамыншы жылдардағы алғашқы мұғалімдер Д.Рюмков, М.Дубская, А.Дубская-Пельхер, А.Сухорукова, Т.Самалықов, С.Нұрнязов, Б.Шымыров т.б. болды.

XX ғасырдың 20 жылдары Маңғыстаудағы оқу жүйесі үшін өте қиын кез болды. Көшпелі ауылдарда мектеп салынбаған, мұғалімдер мен балалар киіз үйлерде елмен бірге көшіп жүретін. Оқу құралдары мен оқулықтар жоқ, мектептерді қаржыландыратын байлар мен молдалар қуылды, жас кеңес үкіметінің қаражаты жетпеді. Сондай-ақ, 1925 жылдан бастап Голощекиндік «Кіші қазан төңкерісі» қоғамдық-әлеуметтік қиындықтар туғызды. 1920 жылдары да Маңғыстау уездік партия ұйымы халықты жаңаша оқыту үшін кадрлар даярлауға күш салды. Кеңес төңкерісінен кейінгі қуғын-сүргіннен қалғандардан 1920 жылы бірнешеуі іріктеліп, мұғалімдерді даярлау курстарына оқытылып алынды. Осындай жолмен 1923 жылы-14, 1926 жылы-25 мұғалім даярланды. Педагогикалық курстың алғашқы түлектері С.Алдабергенов, Б.Қилыбаев, Н.Көбеев, А.Салықов, Т.Шүкіров, А.Оразбаевтар.

1926-1927 жылдары Маңғыстау өлкесінде мектептер ашылып, 1 мыңнан аса бала оқытылды. Оқу араб графикасы негізінде жүргізілді. Оқу ісін жүргізу де, материалдық жағынан қамтамасыз ету де, мұғалімдерге ақы төлеу бәрі-бәрі қиындық жағдайда жүргізілді. Бүкіл Қазақстандағы секілді Маңғыстауда да мектептерде оқу мен жазу 1928-1940 жылдар аралығында латын, 1940 жылдан бастап кириллицаға көшірілді.

1930 жылы 14 тамызында КСРО ХКК мен ОАК «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу туралы» қаулы қабылдады. Маңғыстаудың Ақкетік ауылында қыздар мектебі, Ұштаған, Ащымұрын ауылдарында көшпелі, Шайыр, Жармышта бастауыш мектептер ашылды. Көшпелі мектептер 1937 жылға дейін жұмыс істеді. 1930-1931 оқу жылында Ақмышта жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасылардың балалары үшін коммуна құрылды. 1933-1937 жылдары міндетті 7 жылдық білім беру жүзеге асты.

1937-1938 жылдардағы репрессияның шыңы Маңғыстау өлкесінде оқу ағарту саласына да қырғи әсерін тигізді. Республика бойынша 22 мың адам атылып, 44 мың Сібір түрмелеріне айдалып, қуғындалды. Солардың ішінде Маңғыстаулық ұстаздар

Б.Төлеуов, Ж.Нәрін, Е.Төлегенұлы, Р.Айдаров, А.Таңқабаев, Қ.Есмағамбетов және т.б. бар [3, 112 б.].

1939 жылы Маңғыстау ауданында жаңа типтегі мектеп ашылып, оған 1939-1940 оқу жылынан бастап Қызылқұм, Жыңғылды, Ұштаған жеті жылдық мектептерін бітірген жиырма бала келіп оқи бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде халық ағарту саласының дамуы тежелгенмен, тоқталған жоқ. Соғыс аяқталған соң мектеп жасындағы балаларды, жұмысшы жастарды мектептеріне тарту, соғысқа дейін басталған жеті жылдық білім беруді аяқтау т.б. міндеттерді шешу керек болды. Бұл міндеттерді шешудің қиындықтары көп болды: мектеп үйлерінің жетіспеуі, оқу-жазу құралдары мен оқулық-тардың, мұғалімдердің жетіспеуі, көптеген отбасылардың материалдық жағдайының төмен болуы-жоғарғы сынып оқушыларының оқуды тастап, өндірісте не үй шаруашы-лығында жұмыс істеуі.

Соғыстан кейінгі кезеңдерде Маңғыстау түбегінде халық ағарту жүйесі даму сатысын бастан кешірді. 1949 жылы С.М.Киров атындағы мектептен Горкий атындағы, Тельман және Таушық мектептері бөлініп шықты. 1954-1955 жылдары Шевченко ауданында 10 орта мектеп - Киров, Горький, Шевченко, Микоян, Жданов, Тельман атындағы, Ащымұрын, Қарақұм, Долгий, Қызылқұмда. Ал бастауыш мектептер Құлалы, Түбіжік, Фетисов, Ақшұқыр, Сенек жерлерінде болды. Форт-Шевченко қалалық кеңесінің 30 жылдығына байланысты есепте оқу-ағарту жұмысының деңгейі 1927 жылы Маңғыстауда сауаттылық 17%, 1939 жылы- 73%, 1959 жылы-93% болған деп көрсетеді [7, 140 б.].

Республиканың шалғай өлкесінің бірі – Маңғыстау өңірінің халқы үшін балаларды оқыту, оларды тиісті мамандыққа баулуда жер шалғайлығы, жол қаражаты кедергі келтіретін. Елді мекендердің бір-бірінің алшақтығы (100-150 км-ге жететін), коммуника-циялық байланыстың болмауы, көліктің болмауы алыс ауыл балалаларының білім алуын қиындататты. Бұл әсіресе, отарлы мал шаруашылығымен айналысатын бөлігінде ерекше көрінетін.

Маңғыстау мұнайын игеру, Ақтау сияқты қаланың өмірге келіп, оның төңірегіндегі өндірістік кешенінің қалыптасуы жаңа елді мекендердің санын көбейтті. 1970 жылы Жармыш орта мектебі, 1977 жылы Ленин атындағы, 1978 жылы Е.Айшуақұлы атындағы, 1980 жылы Шайыр орта мектебі, 1984 жылы Жанкелдин атындағы орта мектеп т.б. мектептер салынды. 1973 жылы жеке облыс болып құрылды. 1973-1973 оқу жылында Маңғыстау облыста 52 жалпы білім беретін (оның 35-і орта мектеп, 15-і сегіз жылдық, 2- бастауыш) мектептер болды.

Түбекте жоғары білім беру ісі жолға қойыла бастады. 1976 жылы 1 сәуірде Шевченко қаласында Каспий аймақтары тау-кен металлургия комбинаты жанынан жалпы техникалық факультет ашылды. 1988 жылға дейін мұнда кешкі, сыттай оқыту нысандарымен бес мамандық бойынша инженерлер даярланды. 1980 жылы бір мамандық бойынша күндізгі бөлім ашылды. 1983-1990 жылдары бұл факультеттің күндізгі, кешкі және сырттай бөлімдерінде 16 мамандық бойынша жоғары білімді мамандар даярланды. 1990 жылы қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 3 қаулысымен жалпы техникалық факультет Қазақ политехникалық институтының Маңғыстау филиалы болып қайта құрылды. Мұнда жылына 2445 студент оқыды [3, 114 б.].

Орта арнаулы білім беру жүйесі бойынша түбекте 1983 жылы педагогикалық училище, 1985 жылы медициналық училище мен мұнай техникумы ашылды. 1990 жылы таратылған Маңғыстау облысы қайтадан қалпына келтіріліп облыстың қайта құрылуы өлкедегі білім жүйесіне жаңа серпін ала келді. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің өзгеше жаңа кезеңі басталды. 1993 жылы Ақтау политехникалық институты, Атырау университетінің Атырау филиалы, өнер училищелері ашылды. 1996 жылы

Ақтау политехникалық институты негізінде бірқатар оқу орындарын біріктірген Ақтау университеті жұмыс істей бастады.

Өркениеттің негізгі белгісі-мемлекеттің рухани және мәдени қуатының, ғылымы мен білімінің жоғары болуында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «XXI ғасыр - білім және ғылым ғасыры болады» деп, жастардың жан-жақты білім алуына үлкен мән берді. Ұлттың болашағы - тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі ұрпағының рухани байлығы, мәдениеті, санасы, ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық әрекетті ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.

40 жылдық тарихы бар Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті – өлкеміздің қоғамдық өмірі мен білім, ғылым, жалпы оқу ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәгері. Университет - ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қыдыралин Ү. Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы. Ақтау., 1995. 183-184 бб.
- [2] ҚРОМА, 40-қор, 14-тізбе, 395-іс, 4-5 парақтар.
- [3] Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы., 2008, 107-116 бб.
- [4] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 3 т. Алматы., 2002, 679 б.
- [5] ҚРОМА. 40-қор, 14-тізбе, 612-іс, 163 қайтарма бетімен, 164-парақ.
- [6] Тұрсынова М.С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары. Алматы., 1977, 129 б.
- [7] Нұрмаханова Ж.Ж. Маңғыстау тарихы ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Алматы., 2011, 136 б.

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В МАНГИСТАУ

Табылдиева О.Д. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Ақтау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье рассматривается история развития образования в Мангистау XIX-XX вв, на основе письменных источников и исследований, показан уровень грамотности в регионе, открытие первых школ, количество учащихся, преподавательский состав, основные трудности и достижения в просветительской деятельности местного населения.

Ключевые слова: безграмотность, медресе, мусульманская школа, уезд.

THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF THE PUBLIC EDUCATION IN MANGYSTAU

Tabyldieva O.D. - Sh. Yessenov Caspian State University of technology and engineering., Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article examines the history of education in Mangystau in XIX-XX centuries. Written data and studies show the level of literacy in the region, the opening of the first schools, the number of students, teaching staff, the main difficulties and achievements in educational activities.

Keywords: illiteracy, madrasah, Muslim school, county.

ӘОЖ 323: 316 (045)

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Бағдатұлы М.

Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Елбасының ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақ-стандық үлгісін қалыптастырудың алғышарттары талданып, жаңа әлемдегі Қазақстан Республикасының экономикалық-әлеуметтік және саяси жетістіктерін ұлтаралық келісіммен, ынтымақтастықпен байланыстырып, тәуелсіз ел тарихын хронологиялық кезеңдері бөліп қарастырылды.

Бұл мақалада сонымен қатар құқықтық, зайырлы мемлекет құрудың әлемдік тәжірибесінің кейбір тұстары мен 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының бағыт-бағдарлары да сарапқа түсті.

Түйінді сөздер: толеранттылық, қоғамдық келісім, ассамблея, елбасы, мәңгілік ел, этнос.

Ғасырлар бойы қазақтардың тарихи мекенінде әралуан мәдениеттің, дін мен дәстүрлерді ұстанған көптеген халықтардың тағдыры тоғысты. Нәтижесінде 130 – дан астам этнос пен 40 конфессия өкілдері қазақ ұлтымен араласып, бейбіт өмір сүретіндей айрықша жағдай қалыптасты.

Қазақ халқының тағдыры тауқыметке толы болғаны тарихтан аян. Алайда, қазақ ұлтының тағдыры қыл үстінде тұрғанда, өзге ұлтты қаны бөлек, жаны жат басқаны деп кеудеден теппеді, құрдымға кетуге жол бермеді. Өйткені, біздің ұлттық сана-сезімімізде, өмір сүру ұстанымызда өзгеге деген қастандық, арам пиғыл атаулының жоқ екендігін көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттің алдында сан қырлы таңдаулы жол тұрды. Елбасымыздың көрегендігінің арқасында, әлемдік мемлекеттердің ұстанған жолдарын сараптап, жеті рет өлшеп, бір рет қи дегендей талдап, Қазақстандық басқару моделін ұсынды және Тәуелсіз Қазақстанның дамуының тікелей негізіне айналды. Ол қандай модель деген сұраққа келетін болсақ, «Ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстан үлгісі», міне қоғамның дамуының динамикасы осы ұстаным болатын.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін, зайырлы мемлекет деп жариялады. Конституциямызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»,—деп көрсетілген [1].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекет ретінде алғашқы жасаған жетістіктерінің бірі, әлем бойынша қуаты жағынан 4-ші ядролық қарудан бас тартуы болды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы арнайы Жарлығымен еліміздегі Семей атом сынақ алаңы бір жолата жабылды. Вашингтон қаласында өткен саммитте елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ядролық қарусыз аймақтар санын арттыруды қолдайтынын әлемге кезекті рет паш етті [1].

Ядролық қару – бұл адамзаттың қас жауы, елбасының бастауымен, Қазақстан – атомдық қарусыз саясаты таңдай отырып, халықаралық аренадағы еліміздің беделін арттыра түсуіне орасан зор ықпал етті.

Еліміз адамзат үшін ең қымбат байлық – ұлтаралық, мәдениет аралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен құрмет сезімін, жарастық пен келісімді қастерлеп сақтай отырып, қадам басты.

Осы тұста аталған жұмысты іске асыру мақсатында 1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын.

Өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.

Ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі моделі еліміздің даму стратегиясымен тығыз байланыста екендігі мемлекет басшысының жолданған жолдаулары, қабылданған шешімдерінен көруге болады.

Елбасы Н.Ә. Назараевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі елімізді әлемге танытатын жетістікке айналды.

Бұл модельді халықаралық қауымдастық мойындады әрі шет елдерде кеңінен танылды. Соңғы үш жылда ғана Ассамблея Хатшылығына қазақстандық тәжірибеге қызығушылық танытқан шетелдік сарапшылар, парламент мүшелері, ғалымдар, дипломаттар, журналисттер, үкіметтік емес ұйымдар тарапынан 60 астам сұраныс түскен.

Қазақстандық үлгіні зерттеу жөніндегі сұранысты 18 елдің өкілдері жасаған (Болгария, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина, Армения, Канада, Оңтүстік Корея, Польша, Венгрия, Финляндия) [3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ғаламдық қауіпсіздік мәселелерінде ядролық қаруды таратпау жөнінде нақты қадамдарынан бастап теңдік, ғаламдық толеранттылық, сенім қағидаттарына негізделген G-global идеясын іс жүзіне асыруға дейінгі бастамалары нәтижесінде Қазақ елі халықаралық қауымдастықтағы сенімді серіктес ретінде танымал елге айналды. Осы тұрғыда толеранттылықсыз сенімді ғалам болмады деген тұжырым терең мазмұнға ие болды [3].

Елдегі этносаралық және конфессияаралық татулық пен келісімнің келелі мәселелерін шешуде нақты жетістіктерге қол жеткізген Қазақстан мен Елбасының Еуразиялық интеграция идеясына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесі, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты маңызды ғаламдық жобаларға бастама жасауға мүмкіндік беріп отыр [3].

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі өтпелі кезеңнің аса күрделі жағдайларына, ішкі дағдарыстар мен сыртқы қатерлерге қарамастан, этносаралық қайшылықтарға жол берген жоқ. Мұндай игілікті тәжірибеге халықаралық қауымдастық тарапынан назар аударылмауы мүмкін емес еді.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің басымдықтары Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қоғамның идеялық ұйысуы Қазақстан прогресінің басты шарты» атты бағдарламалық еңбегінде, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, ҚР мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында көрсетілген. Бұл тақырып Мемлекет басшысының «Тарих тоғысында», «Сындарлы он жыл» кітаптарында, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларындағы баяндамаларында және өзге де сөйлеген сөздерінде жан-жақты көрсетілген [2].

Сонымен қатар, елбасының тапсырмасымен Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімге арналған стратегиясы (2011 жылға дейін) және басқа да құжаттар қабылданды. Ұлттық саясаттың басты құралдарының бірі 1995 жылы

құрылған, 818 этномәдени бірлестікті қанатының астына жинаған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) болды.

Олардың басшылары ҚХА-ның, сондай-ақ және аймақтық ассамблеялардың құрамына кіреді. 46 этностың өз этномәдени орталықтары бар. 2007 жылы конституциялық реформалардың аясында Ассамблея Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Сөйтіп, этностық топтардың Парламентте өкілдік етуінің конституциялық тетігі енгізілді. 2008 жылы әлемде ешбір баламасы жоқ «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды [2].

Қазіргі жаңа Қазақстан тарихындағы маңызды белестің бірі елдің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) – Еуропада, Орталық Азияда және Солтүстік Америкада орналасқан 56 елдің басын біріктіретін ірі аймақтық ұйымға төрағалық етуі болды [4].

Мұсылман мемлекеттері басшыларының 1969 жылғы 25 қыркүйекте Рабатта өткен конференциясында негізі қаланған Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) – ең ірі және ықпалды үкіметтік әрі халықаралық мұсылман ұйымы. Қазіргі уақытта ол жалпы саны шамамен 1,5 миллиард адамды қамтитын 57 елдің басын біріктіріп отыр [5].

Қазақстан 1995 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымының толық құқылы мүшесіне айналды.

Астанада 2011 жылғы 28-30 маусымда Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясы өтті. Сол сәттен бастап Қазақстан осы халықаралық ұйымға төрағалық етуге кірісті. Бұл басқосуды тарихи оқиға деп атауға болады, өйткені, онда Ислам конференциясы ұйымы атауын (ИКҰ) Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) деп өзгерту туралы шешім қабылданды және Адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссия құрылды. Алғашқы рет ИЫҰ-ның Орталық Азиямен ынтымақтастық жөніндегі іс-әрекет жоспары қабылданды.

Жаңғырту мен реформаларды ХХІ ғасырдағы Ислам әлемі дамуының негізі деп жариялаған, мазмұны жөнінен ұйымның ең прогресивті құжаты болған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мұсылман үмметі алдындағы бағдарламалық сөзі ИЫҰ Астана декларациясының негізін қалады [5].

2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда Бесінші Каспий саммиті өтті, оған Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты [6].

Бес мемлекет көшбасшыларының бәтуаластық және барлық тараптардың мүдделерін өзара есепке алу негізінде тұжырымдалған базалық халықаралық шартқа – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюы жоғары деңгейдегі кездесудің басты оқиғасы болды. Осы негіз қалаушы құжат заманауи талаптарға сай келетін және жағалау маңындағы елдердің жан-жақты өзара іс-қимылын одан әрі қарқындалтуға бағытталған Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін құрады.

Президенттер Каспий теңізінің бейбітшілік, келісім, тату көршілік және тиімді халықаралық ынтымақтастық теңізі болып табылатындығын ерекше атап өтіп, барлық Каспий маңы мемлекеттерінің арасындағы дәстүрлі достық байланыстардың одан әрі нығайтынына және дамитынына сенім білдірді [6].

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірінде ерекше орын алған маңызды оқиғалардың бірі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұзақ мерзімді «Қазақстан — 2050» стратегиясын іске асыру бағдарламасын айқындап,

Қазақстанның мемлекеттік сәйкестілігін және халқының бірлігін нығайтуға үнделген «Мәңгілік Ел» — ұлттық идеясын негіздеуі болып табылады [7].

Қорыта келе, қарқыны алапат ХХІ ғасырда ұлы жетістіктерге жету үшін екі жол күтіп тұр, бірі күшке басу, яғни империялық бірлік, күштеп бағындыру, ал екіншісі қай заманда да жетістіктің кілтіне айналған бірлік жолы. Бірінше, жол өзінің жасандылығымен ұзаққа бармайтыны және ішкі тұрақтылықтың болмайтыны белгілі. Сондықтан, Елбасы Н.Назарбаев Тәуелсіз Қазақстан Республикасына ғасырлар бойы қанымызда қалыптасқан бірліктің жолын, өзге ұлтқа құрметтеу арқылы дамудың модельін қалыптастырды. Міне, біздің жетістігіміз бен болшағымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Сартаев С.С., Назарқұлова Л.Т. Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы: 2005. 464 б.
- [2] Әмірханқызы Б. Хмелёва А. Балбергенев А. Ядролық қарудан бас тарту – тұрақты болашақ кепілі// <http://kokshetautv.kz>
- [3] Тоғжанов Е.Л. Бурханов К.Н. Сыдыков Е.Б. Мажденов Д.М. Сулейменов Т.С. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарихы, - Алматы, «ҚАЗАқпарат», 2015. – 342 б.
- [4] Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті// <http://www.akorda.kz>
- [5] Құланбай Ә. Ислам конференциясы ұйымы және Қазақстан// www.egemen.kz
- [6] Бесінші Каспий саммитінің коммюникесі// <http://www.akorda.kz>
- [7]. Майрамова И.А. Толеранттылық және қоғамдағы біріктіру құндылықтары: теориялық және тәжірибелік негіздері// Ақтау, 2016. – 61 бет.

МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ-ОСНОВА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Багдатулы М. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье проанализированы предпосылки формирования казахстанской модели межнациональной толерантности и общественного согласия. Рассмотрены экономические и политические достижения Республики Казахстан на современном этапе. В хронологическом порядке рассмотрены процессы межнационального согласия, и история независимого Казахстана. В статье использован мировой опыт построения правового, светского государства и деятельность Ассамблеи народа Казахстана.

Ключевые слова: толерантность, общественное согласие, ассамблея, президент, мәңгілік ел, этнос.

INTERETHNIC HARMONY IS BASIS OF DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN SOCIETY

Bagdatuly M. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan

Abstract. The article analyzes the prerequisites for the formation of Kazakhstan's model of ethnic tolerance and social harmony. The economic and political achievements of the Republic of Kazakhstan are considered at the present stage. The processes of interethnic harmony and the history of independent Kazakhstan are considered in chronological order. The article uses the world experience of building a legal, secular state and the activities of the Assembly of people of Kazakhstan.

Keywords: tolerance, social cohesion, the Assembly, the President, the mangilik YEL, ethnicity.

**Мұнай өндіру, мұнайгаз жобалау,
көмірсутектерді қайта өңдеу, экологиялық
проблемалар және қоршаған ортаны қорғау**

**Нефтедобыча, нефтегазовое машиностроение,
переработка углеводородного сырья,
экологические проблемы и охрана
окружающей среды**

УДК 622.276.56

АНАЛИЗ РАБОТЫ СКВАЖИН ПРИ ОДНОВРЕМЕННО-РАЗДЕЛЬНОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ И РАБОТАЮЩИХ ТОЛЬКО НА ОДИН ОБЪЕКТ

Гусманова А.Г.¹, Бекбаева Р.А.², Егорова Е.В.³

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

²ТОО «Проектный институт «ОПТИМУМ»


³Астраханский государственный технический университет, Россия

Аннотация. Одним из перспективных технологических решений, широко используемых на сегодняшний день в нефтяных компаниях, является использование специального насосного оборудования, позволяющего вести одновременно-раздельную эксплуатацию нескольких пластов. ОРЭ способствует реализации системы раздельной разработки различных по коллекторским свойствам и составу флюидов объектов многопластового месторождения одной сеткой скважин. В данной статье приведены сравнения работы скважин при одновременно-раздельной эксплуатации и работающих отдельно на один объект.


Ключевые слова: объект разработки, горизонт, одновременно-раздельная эксплуатация (ОРЭ), физико-химические свойства, оборудование, насос.

Применение технологий раздельной эксплуатации пластов при отборе продукции из многопластовой залежи находит всё большее использование, так как позволяет одной сеткой скважин отбирать нефть из нескольких пластов одновременно. Это позволяет ускорить выработку запасов и нарастить объемы отбираемой нефти. Однако при отборе из нескольких пластов проблемы учета и состояния выработки запасов до настоящего времени решены не полностью, в частности задача оценки эффективности отбора нефти из многопластовой залежи при помощи комбинированных технологий поддержания пластовой энергии, их влияние на режимы и работу единичных скважин с оборудованием для одновременно-раздельной эксплуатации (ОРЭ). Не менее проблемными являются вопросы определения критериев выбора скважин под ОРЭ на базе имеющихся геолого-физических характеристик нефтяной залежи, с ее фильтрационно-емкостными свойствами, состоянием выработанности запасов по пластам. В качестве первоочередных задач здесь выделяются вопросы создания методики уточнения разделения добываемой продукции при совместной разработке пластов и на ее базе выбора и обоснования режима отбора, подбора оборудования для ОРЭ. При объединении двух и более объектов разработки с целью выработки запасов единой сеткой происходит опережающая выработка более продуктивного пласта. Усилению неравномерности

участия каждого пласта в совместной эксплуатации способствуют существенная неоднородность проницаемости и расчлененность продуктивных коллекторов. Необходимо также отметить неравномерный охват заводнением как по площади, так и по разрезу эксплуатационных объектов.



а) горизонт Ю-ПБ



а) совместные горизонты Ю-ПА+Б

Рисунок 1 – Динамика среднего дебита нефти по IX объекту в скважинах ОРЭ и ведущих отдельную эксплуатацию

В соответствии «Технологической схемы разработки месторождения А» с целью повышения технико-экономической эффективности разработки за счет совмещения эксплуатационных объектов и осуществления при этом, посредством специального оборудования, контроля и регулирования процесса разработки предусматривалась одновременно-раздельная эксплуатация (ОРЭ). В связи с этим были выделены объекты

для одновременно-раздельной эксплуатации одной сеткой скважин – IX и X, XI и XIII, XII и XIV.

Рассмотрим характеристики работы эксплуатационных объектов, на которых осуществляется одновременно-раздельная эксплуатация.

На рисунке 1 приведена сравнительная оценка среднесуточного дебита нефти по IX объекту разработки с использованием технологии ОРЭ и эксплуатации только одного объекта. IX объект включает в себя пласты А и Б горизонта Ю-П. Скважины по технологии ОРЭ работают в основном в пласте Ю-ПБ и реже совместно Ю-ПА+ Ю-ПБ.

Рисунок 1 показывает, что по скважинам ОРЭ и скважинам, эксплуатирующим только IX объект, наблюдается незначительные расхождения в режимах работы. Это указывает на достаточно верный подбор параметров работы установленного насосного оборудования.

Иная картина наблюдается по скважинам, производящим добычу нефти продуктивных горизонтов X объекта. Так как большинство скважин, добывающие по технологии ОРЭ, работают на Ю-ПБ горизонт, динамика приведена по данному горизонту. Скважины, добывающие нефть при одновременно-раздельной эксплуатации, характеризуются несколько меньшими дебитами по сравнению с дебитами по данному горизонту при раздельной эксплуатации (рисунок 2). Возможно, это связано с тем, что большинство скважин, работающие по технологии ОРЭ, находятся в менее продуктивных зонах.




Рисунок 2 – Динамика среднего дебита нефти по X объекту (Ю-ПБ) в скважинах ОРЭ и ведущих отдельную эксплуатацию

Таким образом, можно заключить, что в целом внедряемая технология ОРЭ на данном месторождении характеризуется согласованной работой тщательно подобранного насосного оборудования и продуктивных пластов, объединенных для одновременно-раздельной добычи нефти. Такая картина свидетельствует о равномерной выработке запасов, исключающей межпластовые перетоки и другие проблемы совместной разработки.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Молчанов Г.В., Молчанов А.Г. «Машины и оборудование для добычи нефти и газа», Москва, Недра, 1984 г.
- [2] Антабаев А.И., Петрусевиц Ю.Н. «Внедрение технологий ОРЭ в ОАО «БЕЛКАМНЕФТЬ», ПТНГЖ «Инженерная практика» № 1, 2010 г.
- [3] Прудников А.Е., Галлямов Э.Р. «Обзор статуса по ОРЭ на активах ОАО «Самотлорнефтегаз», ПТНГЖ «Инженерная практика» № 6, 2012 г.
- [4] Н.Г.Ибрагимов «Повышение эффективности добычи нефти на месторождениях Татарстана», Москва, Недра, 2005 г.
- [5] Ивановский В.Н. «Одновременно-раздельная эксплуатация и «интеллектуализация» скважин: вчера, сегодня, завтра», ПТНГЖ «Инженерная практика» № 1, 2010 г.

БІР МЕЗГІЛДЕ БӨЛЕК ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЖӘНЕ ТЕК БІР ОБЪЕКТТЕ ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

Гусманова А.Г., Бекбаева Р.А., Егорова Е.В. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан, «OPTIMUM» Жобалау институты» ЖШС, Астрахань мемлекеттік техникалық университеті, Ресей

Аңдатпа. Бүгінгі таңда мұнай компанияларында кеңінен қолданылатын келешегі бар технологиялық шешімдердің бірі - бірнеше қабатты бір мезгілде бөлек пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы сорғы қондырғыларын пайдалану болып табылады. БМБП бір ұңғы торымен әркелкі коллекторлық қасиеттері мен құрамды сұйықтықтары бар көп қабатты кенорындар объектілерін бөлек игеру жүйесін іске асыруды жеңілдетед. Бұл мақалада бір мезгілде бөлек пайдалану кезіндегі және тек бір объекте жұмыс жасайтын ұңғымалардың салыстыру қарастырылған.

Түйінді сөздер: игеру объектісі, қабат, физика-химиялық қасиеттері, бір мезгілде бөлек пайдалану (БМБП), жабдық, сорғы.

ANALYSIS OF WORK OF WELLS WITH SIMULTANEOUS-SEPARATE EXPLOITATION AND WORKERS ONLY ON ONE OBJECT

Gusmanova A.G., Bekbayeva R.A., Yegorova E.V. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering., Aktau, Kazakhstan, OPTIMUM Design Institute LLP, Astrakhan State Technical University, Russia

Abstract. One of the promising technology solutions, that are widely used today in oil companies is the use of special pumping equipment that allows simultaneous-separate exploitation of several layers. The SSE contributes to the implementation of separate development systems for different multi-layer deposits of different reservoir properties by the same grid of wells. This article provides a comparison of the work of wells with simultaneous-separate exploitation and working separately on one object.

Keywords: development object, horizon, simultaneous-separate exploitation (SSE), porosity, physical and chemical properties, equipment, pump.

УДК 622.245.42.01

ОПЫТ УСТАНОВКИ ЦЕМЕНТНЫХ МОСТОВ НА МЕСТОРОЖДЕНИЯХ МАНГИСТАУ

Кулиев М.Ю.¹, Эфендиев Г.М.².

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

²Азербайджанская национальная академия наук, г.Баку, Азербайджан

Аннотация. Рассмотрены вопросы по установке цементных мостов на нефтяных месторождениях ТОО «Бургышы» и ТОО «Бургылау».

Выявлены, что при наличии коэффициента каверны в стволе скважины более чем $k > 1.3$, цементные мосты не отвечают требованиям к забуливанию нового ствола.

На месторождениях «Бургылау» мосты устанавливаются для забуливания нового ствола, при этом используют портландцемент для скважин с повышенными температурами.

В ТОО «Бургышы» мосты устанавливают в основном на операции по разобщению пластов при переходе на вышележащий объект.

Ключевые слова: цементный мост, скважина, буровой раствор, осложнения, плотность раствора.

Установка цементных мостов различного назначения является одним из важнейших процессов цементирования скважин. Промысловые данные свидетельствуют, что часто отмечаются случаи установки низкопрочных и негерметичных мостов, преждевременного схватывания цементного раствора, прихвата колонных труб и т.д. Эти осложнения обусловлены не только и не столько свойствами применяемых тампонажных материалов, сколько спецификой самих работ при установке мостов.

Состояние установки цементных мостов изучалось в нефтяных организациях ТОО «Бургышы» и ТОО «Бургылау».

Цель установки цементных мостов в этих организациях является получение устойчивого водогазонефтепроницаемого стакана цементного камня определенной прочности для перехода на вышележащий горизонт, забуливания нового ствола, укрепления неустойчивой и кавернозной части ствола скважины, опробования горизонта с помощью испытателя пластов, капитального ремонта и консервации или ликвидации скважин.

В ТОО «Бургышы» осложнения незначительные. Они возникают, как правило, вследствие поглощения раствора в скважинах глубиной 300-350 м (месторождение Каражанбас) и 800-900 м (месторождение Каламкас).

В ТОО «Бургылау» цементные мосты в основном устанавливают в процессе проводки скважины, когда возникает авария и требуются установить цементный мост в открытом стволе скважины. В некоторых случаях, когда по стволу скважины наблюдается большие каверны (коэффициент кавернозности $k > 1.3$) установленные цементные мосты часто не отвечают требованиям к забуливанию нового ствола, что обуславливает необходимость повторных работ.

В ТОО «Бургышы» глубокие разведочные скважины бурят в условиях, осложненных высокими температурами, давлениями, кавернозностью ствола и нефтегазопрооявлениями. В связи с этим, при установке цементных мостов возникают

различные осложнения, являющиеся причиной негерметичности моста или недостаточной его прочности.

На месторождениях «Бурғылау» мосты в основном устанавливают для забуривания нового ствола в скважинах диаметром 215,9 мм. Используют чистый портландцементный раствор плотностью 1,82-1,84 г/см³. В качестве буферной жидкости применяют 0,5%-ный раствор полиакриламида или жидкость затворения. Разделительные пробки не используют. Роль продавочной жидкости выполняет буровой раствор плотностью 1,18-1,20 г/см³. В работе участвуют два цементировочных агрегата и цементно-смесительная машина. Продолжительность ожидания затвердевания цементного раствора (ОЗЦ) 24 ч. Положение кровли моста проверяют при спуске долота с промывкой, герметичность же моста - опрессовкой при давлении 10 МПа. [1-4].

Для установки мостов в основном используют портландцемент для скважин с повышенными температурами. В качестве замедлителя вводят нитрилотриметилфосфоновую кислоту (НТФ). При температуре 75°C и водоцементном отношении $m=0,5$ цементный раствор характеризуется с плотностью 1,83 г/см³, началом схватывания 3ч 45мин и концом схватывания 4ч 30мин. Прочность при изгибе составляет не менее 6,25 МПа. Анализ материалов по установке мостов на глубинах 600-2300 м в ТОО «Бурғылау» показывает, что в кавернозных участках ствола операции приходится повторять из-за низкого качества цементного моста и неудачного забуривания нового ствола.

Мосты, как правило, проверяют при опрессовке водой. Если же оказывается, что он негерметичен, то доливают из желонки дополнительное количество цементного раствора. Практикуется также разбуривание цементного моста с помощью двигателя Д-85 и повторная операция по установке моста.

В ТОО «Бурғышы» мосты устанавливают всех видов. Основной объем работ приходится на операции по разобщению пластов при переходе на вышележащий объект.

Для установки мостов в зависимости от забойной температуры используют различные тампонажные материалы: в интервале 0-2100 м - портландцемент типа ПЦХ и ПЦГ, в интервале свыше 2100 м – ШПЦС-120 или ШПЦС-200. Время ОЗЦ мостов составляет 24-72 ч. Качество мостов проверяют опрессовкой при давлении 10-30 МПа, снижением уровня жидкости в скважине на 1000-1500 м и нагрузкой на бурильную колонну 40-60 кН.

В тех случаях, когда обнаруживается нарушение и возникает необходимость в герметизации колонны и заколонного пространства, проводят изоляционные работы с установкой цементного моста под давлением. Для повышения эффективности этих работ, в качестве буферной жидкости используют трехкомпонентный вязкоупругий состав (ВУС).

В ГПС можно автоматизировать практически все технологические операции. Традиционный подход к построению ГПС состоит в замене универсального неавтоматизированного оборудования станками с ЧПУ или многооперационными станками со сменными спутниками на объединения групп станков единой ЭВМ.




Рисунок 1 - Гибкая производственная система (ГПС)

Основными частями автоматизированных комплексов (ГПС) являются (рис1):

- автоматизированные транспортные системы подачи заготовок, удаления готовых деталей, подачи инструмента и его возвращения на склад;
- группы станков с автоматизированной сменой инструмента;
- центральная ЭВМ, управляющая их действиями.

В технически развитых странах накоплен опыт создания ГПС, компоновка которых зависит от многих факторов:

- алгоритма работы оборудования и его состава,
- степени автоматизации ГПС,
- потоков заготовок, инструментов, информации,
- организации транспортно-накопительных систем.

Прогресс вычислительной техники и средств автоматизации технологических процессов достиг такого уровня, что в промышленно развитых странах был поставлен вопрос о крупномасштабной автоматизации на основе ЭВМ. В то время было трудно ответить точно, где проявится наибольший эффект от внедрения новых технических средств - в технологии или производстве. Поэтому отдельно друг от друга стали развиваться главным образом 2 сферы:

1. автоматизация обработки информации - автоматизированные системы управления (АСУ), системы автоматического управления (САПР)

2. автоматизация технологии производства - технологическое оборудование с ЧПУ, автоматизированные системы управления технологическими процессами (АСУТП), промышленные роботы (ПР).

Опыт показал, что обработка информации (автоматизированная) в отрыве от автоматизации технологии не приводит к желаемым результатам. Поэтому был взят курс на интеграцию указанных сфер автоматизации. Наиболее интенсивным направлением такой интеграции является создание автоматизированных производственных систем, получивших название гибких производственных систем (ГПС) [1].

ГПС является принципиально новой формой организации и интеграции производства на основе внедрения новой техники и технологии управления. В результате изменения и совершенствования форм организации сокращается живой овеществленный труд в единице продукции. С внедрением ГПС организуется "безлюдное" производство, достигается высокая производительность многооперационного оборудования и его непрерывная работа. (В настоящее время безлюдность уже не рассматривается как основная техническая цель создания ГПС. Более перспективным с точки зрения снижения эксплуатационных издержек, повышения гибкости и особенно надежности работы ГПС считается сочетание передовой технологии и высококвалифицированной работы на более высокой ступени организации производства) Внедрение ГПС требует определения экономической целесообразности уровня гибкости автоматизации определенного объекта. Экономический критерий - своеобразный компромисс между уровнем гибкости и размерами расходов на новую технику и перестройку оборудования в ходе производства. Основными организационно-техническими целями и критериями эффективности функционирования ГПС является уменьшение численности промышленно-производственного персонала, снижение себестоимости продукции, повышение использования производственных мощностей, сокращение срока разработки изделий. Определение целей разработки ГПС должно основываться на анализе и прогнозировании потребностей производства продукции и организационно-экономической оценке альтернативных вариантов организации производства,

удовлетворяющих принятым критериям. Гибкий производственный комплекс автономно функционирует в течение

заданного интервала времени; его можно встраивать в систему более высокой степени автоматизации (рисунок 2).

Для современных производственных комплексов характерны высокая степень технологической, параметрической и структурной гибкости и широкое применение принципа типовых технологических, управленческих и технологических решений. По технологическому признаку ГПС в различного рода дискретных производствах могут быть разделены на 2 группы.



Рисунок 2- Гибкий производственный комплекс (ГПК)

ГПС первой группы предназначены для выпуска с высокой производительностью крупных серий узкого спектра изделий, характеризующихся высокой степенью конструктивного и технологического подобия. Примером могут служить блоки цилиндров автомобильного двигателя, изготавливаемые на 4 или 6 цилиндров с расточками под гильзы различных размеров. Такие технологические задачи решают, применяя разновидность ГПС, называемую гибкой поточной линией (ГПЛ). На такой линии поток изделий перемещается с заданным ритмом по рабочим позициям, расположенным в соответствии с технологическим маршрутом и связанным внутренними межстаночными транспортными устройствами. Изделие проходит производственный цикл, который определяется технологическим маршрутом и соответствующим этому маршруту расположением оборудования.

Однако для такой разновидности ГПС характерно то, что для перехода на изделия другого наименования необходимо остановить поток, завершить обработку имеющегося задела, остановить оборудование, перекомпоновать производственные бригады, произвести переналадку оборудования и затем снова запустить поток на выпуск изделий нового наименования. Таким образом, одновременно в производстве в условиях гибкого потока могут находиться изделия только какого-нибудь одного наименования.

Для выпуска изделий широкой номенклатуры, ограниченной только техническими характеристиками типоразмеров применяемого оборудования, специализацией и квалификацией производственного персонала и обладающей большим технологическим разнообразием, создаются ГПС второй группы, характеризующиеся иной организационной и функциональной структурой. Для них характерно движение изделий от одной единицы оборудования к другой по участку по произвольно изменяемому маршруту с возможностью его прерывания. Маршрут движения изделий и последовательность выполнения технологических операций не связаны с расположением оборудования или с неизменным порядком чередования специализированных производственных бригад, а определяются планом работы производственного комплекса и расписанием загрузки оборудования. Здесь возможно одновременное нахождение в производстве изделий различных наименований и не требуется обязательного выравнивания для различных изделий времени пребывания на соответствующих операциях технологического маршрута так же, как и числа этих операций. К ГПС данной разновидности относятся технологические комплексы разного масштаба и различной степени сложности и уровня автоматизации - от гибких участков и цехов до гибких автоматизированных производств и объединений. Т.о., многономенклатурные дискретные гибкие производства, независимо от их природы, характеризуются одновременной работой над несколькими изделиями с выполнением при этом отдельных операций технологического маршрута на характерном для этих операций технологическом оборудовании либо с привлечением специализированного для выполнения этих операций персонала.

Для ГПС второго поколения характерны нелинейные схемы организации производства, при которых порядок прохождения деталями технологических маршрутов определяется не конфигурацией технологической линии, а зависит от уровня загрузки тех или иных станков системы [2].

Важнейшими условиями гибкого комплексно-автоматизированного производства являются комплексная стандартизация режущего и вспомогательного инструмента, крепежной оснастки, уменьшение на основе стандартизации многообразия инженерных решений и обеспечение технологичности обрабатываемых деталей еще на стадии проектирования.

При внедрении ГПС необходимо соблюдение принципов специализации. Пропорциональности, параллельности, непрерывности, ритмичности, равномерности.

При анализе и решении о внедрении ГПС освещаются следующие проблемы: анализ состояния, тенденции, цели и критерии создания ГПС, характеристика особенности организации производства в условиях ГПС, проектирование ГПС в целом и по отдельным элементам, взаимосвязь ГПС с системами управления производства и всего предприятия, определение предварительной экономической эффективности до внедрения, внедрение системы, поддержание ее в состоянии эффективного функционирования.

Следует отметить, что ГПС не могут заменить все традиционные виды производства. Их области применения широки, но не беспредельны.

Если сравнивать по себестоимости единицы продукции в зависимости от объема годового выпуска, то гибкая автоматизация целесообразна в диапазоне годового объема выпуска от десятков и сотен тысяч деталей до нескольких миллионов. Свыше нескольких миллионов деталей выгодно применять жесткую автоматизацию, а при нескольких сотнях деталей в месяц - целесообразен ручной труд.

Оптимизация систем производства и производственного процесса осуществляется путем многокритериального сравнительного анализа нескольких возможных вариантов. Основными оптимизируемыми параметрами являются: срок

изготовления деталей, стоимость продукции, коэффициент загрузки оборудования. Важное место в обеспечении эффективности работы ГПС отводится контролю за состоянием инструмента и функционированием станков, роботов и периферийных устройств.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Козырев Ю. Г. Гибкие производственные системы. Справочник: справочное издание / - М. : КНОРУС, 2017. — 40-64 с.
[2] Соломенцев Ю.М., Сосонкин В.Н. Управление гибкими производственными системами: - М.: Машиностроение, 2014. – 50-67 с.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАШИНА ЖАСАУ ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҒДАЙЫНДА ИКЕМДІ ӨНДІРІСТІК ЖҮЙЕЛЕР

Табылов А.У., Кенжей Е.Е. - Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада өндірісті қарқындатуды, оның тиімділігін арттыруды және бәсекеге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін жаңа техника мен басқару технологиясын енгізу негізінде өндірісті ұйымдастыру мен ықпалдастырудың принципті жаңа нысаны ретінде машина жасау өндірісінің қазіргі жағдайларында икемді өндірістік жүйелерді пайдаланудың негізгі принциптері баяндалған

Түйінді сөздер: икемді өндірістік жүйелер, автоматтандырылған көлік жүйесі дайындаманы беру икемді өндірістік жүйелері, автоматтандырылған басқару жүйелері, автоматты басқару жүйелері.

FLEXIBLE MANUFACTURING SYSTEMS IN THE MODERN THE CONDITIONS OF MACHINE-BUILDING PRODUCTION

Tabylov A.U., Kenzhei E.E. - Caspian state university of technologies and engineering named after Sh. Esenov, Aktau., Kazakhstan

Abstract. The article describes the basic principles of the use of flexible production systems in modern conditions of machine-building production, as a fundamentally new form of organization and integration of production through the introduction of new technology and management technology, ensuring the intensification of production, improving its efficiency and ensuring the production of competitive products

Keywords: flexible production systems, automated transport systems of billet feeding flexible production line, automated control systems, automatic control systems

ӨОЖ 004.5; 004.35.031.4

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЖӘНЕ СИПАТТАРДЫ ЕНГІЗУДЕГІ АНИМАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жумабаева Л.О., Нұрберген Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада білім беру саласында ұлттық ерекшеліктерді және сипаттарды енгізудегі анимациялық технологияларды пайдалану ерекшеліктері

қарастырылады. Мультимедиялық технологияларды, оның ішінде анимацияны ұлттық тәрбие беру және оқыту саласында қалыптастыру қажеттіліктері туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Мультимедиялық технология, анимация, интербелсенді, ұлттық мультимедиялық өнімдер.

Саналы адамзат өзінің бүкіл тарихи даму барысында ақпаратты қолдану мүмкіншілігін дамытуға үздіксіз әрекет етуге мәжбүр болды. Себебі, кез келген адамның өз тіршілігінде ақпаратсыз өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, осы мақсаттағы жаңа технологияларды ойлап табу және тұтыну әрбір келесі ұрпаққа тәрбие және білім беру міндетіне сәйкес үлкен өзгерістерге ұшырап отырды.

Әрбір әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа топтар өзі өмір сүріп отырған кездегі туындайтын негізгі басым мақсаттарға байланысты қажетті ақпаратты қабылдау және тұтыну жолдарын, әдіс-тәсілдерін қалыптастырып отырды. Өскелең ұрпақты туған күнінен бастап бүкіл өмір бойы барынша оңтайлы түрде тәрбиелеуге және оқытуға тырысқан.

Адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас тұрғысынан алып қарағанда ғалымдар медиатеchnологияларды бес шартты түрге бөлген: ежелгі (шартты сызықтар және таңбалар арқылы), баспа (жазба, литография, фотография), электронды (телеграф, телефон, дыбыс таспасы), бұқаралық медиа (кинемоторгаф, телевидение, бұқаралық ақпарат құралдары), сандық (компьютер, интернет).

Ғалымдар қарым-қатынас медиатеchnологияларын тек қана ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен қатар білім, ғылым түрлері мен сапасын және бүкіл қоғамның сипатын өзгертіп отыратын мүмкіншілік ретінде қабылдаған. Бүгінгі күнге дейін электрондық бұқаралық ақпарат құралдары басым құндылыққа ие болып келеді. Дегенмен, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап сандық мультимедиялық технологиялар қазіргі заманғы қоғамның басты пікір қалыптастырушы құралына айналды.

Жаратылыс танудың әрбір саласы(философия, мәдениет, ғылым және т.б.) болмыстың өзіне тән аумағын ғана қамтитынын мойындайтын болсақ, олардың бір-бірімен сәйкес бірлікте тұтаса байланыста болуы әлемді әр қырынан толық бейнесінде түсініп тануға жол ашады. Сондықтан, сезімдік-энергетикалық, көрнекілік және жинақталған білім мүмкіндіктері әлемді тұтастай тануға ғана жетектеп қоймай, әрбір тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін де арттыратыны анық. Сондықтан, ақпаратты алу, тұтыну және тарату кеңістігінің кеңеюі біздің мәдениетімізді, моральдық түйсіктеріміз бен көзқарастарымызды, білімдерімізді жаһандандыруға, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды әрбір тұлғаның бойына сіңіруге, сол арқылы адамдар арасындағы түсіністік қарым-қатынастарды қалыптастыруға қызмет ететіні айқын.

Компьютерлік технологиялар шығармашылық, ғылыми және техникалық шығармашылықты жаңа сипатқа, жаңа деңгейге көтеруге жол ашты.

Мультипликация басқалардың ешқайсысына ұқсамайтын ерекше жанр. Оның қолдану ауқымының өзі - жарнама, бейне ойындар, кино, теледидар және компьютерлер – бұлардың бәрі ақпарат пен сезім - қиялдарды мультипликация құралымен бейнелеуді жүзеге асырады.

Біздің зерттеп отырған тақырыбымыз мультимедиялық технологияларды білім беру саласында пайдалану жолдары мен әдіс-тәсілдерін меңгеру мәселесі болғандықтан, біз мультимедиялық технология деген құбылысты барынша қысқа және тұжырымды етіп түсініктейтін болсақ, мына анықтаманы таңдауымызға болады: интербелсенді компьютерлік ауқым аясында бейнелік, дыбыстық және мәтіндік

материалдарды біртұтастықта және сәйкес қозғалыста пайдалану механизмі деп қысқаша тұжырымдай аламыз.

Қазіргі қоғамды сандық дәуір дейтін болсақ – адамдар арасындағы қарым-қатынастың даму деңгейін компьютерлік технологиялар арқылы жаңа сипатқа ие болған дәуір деп қабылдауға болады.

Осыған орай, осы мақаламызда дәстүрлі білім беру үдерісіндегі компьютерлік анимация және бейнелік ойлау әдіс-тәсілдерінің алатын орнын зерттеп отырмыз.

Компьютерлік графика мен анимация оқушы жастардың ең сүйікті жанрларының бірі болып саналады.

Зерттеу жұмыстарындағы сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып ғалымдардың анықтауы бойынша анимациялық фильмдер қырыққа жуық теледидарлық көрсетілім түрлері арасында алғашқы ондықтан орын алған. Мұның себептерін талдаған кезде бұл өнердің басқа тілдерге аударылмай-ақ түсінікті болуы, айтылатын ойдың өте төте жолмен бейнеленуі көзге түседі. Сонымен қатар, кез келген ақпаратты қабылдап, есте сақтау барысында адамның сезім мүшелерінің мүмкіншіліктерін саралаған кезде ақпарат алған сәттен бастап жарты ай өткеннен соң есте қалған мәліметтердің деңгейі төмендегідей болып шыққан:

- Тек оқу арқылы – 10%
- Тек есіту арқылы - 20%
- Тек көру арқылы - 30%
- Көру, әрі тыңдау арқылы - 50%
- Көріп пікір алмасу арқылы - 70%
- Көріп, пікір алмасып және ақпаратты өңдеу арқылы - 90%.

Кез келген жаңа тақырыпты оқыту, жаңа ақпараттық мәліметтерді оқушыларға жеткізу үдерісін барынша оңтайлы етіп ұйымдастыру сабақты дыбыстық және көзкөрімдік бейнелеу әдісі арқылы жүзеге асыра алады. Осыған орай, жаңа ақпаратты қабылдаудың нейрофизиологиялық ерекшеліктерін қарастырып көрейік. Алдында отырған оқушылары өз пәндері аясында жүйелі тәртіппен жаңа жетістіктерге жетіп жүрген тәжірибелі ұстаздар өз сабақтарында және алғашқы тұсаукесер шараларын өткізу үстінде мультимедиялық әдіс-тәсілдер мен құралдарды кең ауқымда қолданады. Дәстүрлі дәріс түрі оқыту үдерісінде бірінші қатарда тұратыны белгілі: Ол жаңа тұғырнамалық мән-мағынасы бар ақпараттардың жаңа топтамасын құрастырады. Оқытудың кез келген табысты циклі негізінен үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - жаңа жүйемен, тұғырнамалық ұғыммен, білім мәліметтерімен, жеке фактілермен, ұстанымдармен, үлгілерімен және басқа да жаңалықтармен дәріс кітаптар, мультимедиялық өнім кешендері арқылы танысу. Екінші кезең - нақты қолданбалы мағынада жақын және ұзақ мерзімдік қажеттіліктерге байланысты, мысалы ойлау аумағын кеңейту, семинар, емтихан, сынақтарға дайындалу мақсаттарына жету жолында жаңадан қабылданған мәліметтер, ақпараттар және түсініктерді біртұтас жүйеде сұрыптап қалыптастыру. Үшінші кезең - жаңа деңгейдегі білім түсінігін бекіту: тәжірибені байыту, қоршаған болмысты тану аясын кеңейту, білім жинақтау және тұрмыстық мағынадағы қолданбалық мақсатқа жету дағдыларын және шеберлікті нығайту жолында жаңадан қабылданған білімді қолдануға үйрету.

Компьютерлік анимация өз білімін жинақтап отырған адамның тілегі мен қиялын, яғни мақсатын қалаған сәтінде өзгертуіне, немесе кез-келген құбылысты бейнелі түрде ұқсата үлгілеуге мүмкіндік береді. Алдын-ала болжам жасауға да жол ашады. Сондықтан да, оқушылар үшін қызығушылық оятатын басқа бағдарламалық әдіс-тәсілдер қатарында алдыңғы қатарда тұрады. Көптеген ұстаздар тәжірибесі басқа да өте құнды компьютерлік факультативтер ішінде компьютерлік анимация факультативі ең көбірек талап білдірушілер санын қалыптастырған. Анимацияның

оқушылар психикасына, олардың ойлау мәнеріне және қиялын ерекше қалыптастыруға түрткі болатыны, және ой-түйін жасақтауға, бейнелі құбылыстар үлгісін құрып дағдылануға итермелейтіні байқалады.

Бүгінгі күні жалпы білім беру және мамандыққа оқыту салаларында «Компьютермен жандандырылған» бейнелер, үлгілер және де компьютерлік анимацияның басқа да түрлері ұшқыштар, астронавттар, кеме капитандары мен автомобиль жүргізушілерін оқытуға арналған оқу тәжірибелік үлгі-тренажерлерде, әскери пәндерді оқыту бағдарламаларында кең қолданыс таба алады.

Компьютерлік анимацияны өздерінің ғылыми тәжірибелерінде уақытты ұту үшін және тәжірибе нәтижелерін әр-түрлі нұсқада сараптау үшін әр түрлі бағыттағы ғалымдар да өте жиі пайдаланады, яғни, адам қызментінің барлық дерлік қолданбалы мақсаттарында таптырмас көмекші болып алған. Қысқаша айтқанда, компьютерлік технологияларынсыз қазіргі өмірді елестетудің өзі қиын.

Сонымен қатар, анимациялық технологияларды қолдану қазіргі заманда жаһандану үдерісі кең қарқынмен дамып отырған кезде ұлттық құндылықтарды жоғалтып алмай, керісінше, әрбір ұлттың ежелден қалыптасқан менталитетін, сана-сезімін, өзіне ғана тән салт-дәстүрін сақтап қалуға қызмет етеді.

Осы орайда, біздің ойымызша, әр уақытта үздіксіз есте ұстап отыратын бір мәселені айтып өтуіміз өзекті мәселе болып табылады – мультимедиялық технологияларды, оның ішінде анимацияны ұлттық тәрбие беру және оқыту саласында қалыптастыру біздің ең қажетті басымдығымыз ретінде күн тәртібінен түспеуі қажет. Себебі, мультимедиялық технологиялардың өз ұлттық тілімізде өмірге жолдама алуы бірқатар қиындықтармен кездеседі. Бірінші кезекте мультимедиялық технологиялардың ұғымдары мен тұжырымдары шет тілінде (негізінен ағылшын тілінде) қалыптасып қалған. Мультимедиялық өнімдердің халықаралық дәрежеде сын-сынақтан өткен өнімдері шет тілінде сөйлейді, яғни өз тіліміздегі өнімдерді өз қажеттілігімізге пайдалану енді ғана қолға алынып келеді. Мысалы теориялық және қолданбалық бағдарламаларды өз тілімізде сөйлету үшін мультимедиялық технологиялардың терминдерін қазақша ұғымға сәйкестендіруіміз керек.

Мультимедиялық өнімдер жасаудағы қолданылатын тақырыптар, сюжеттер және мысалдар ана тілімізде жинақталған қордан жасақталғаны жөн. Сонда ғана, біз өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен білімін өз мақсатымызда қалаптастыра аламыз. Яғни, мультимедиялық өнімдердің түрі дәстүрлі, халықаралық болғанымен, мазмұны өзіміздің ұлттық сипатта болуы қажет деп санаймыз.

Шетелдік, Россиялық және отандық ғалымдар мультимедиялық технологияларды қоғам өмірінің барлық дерлік саласында тек қана қалыптастырып қоймай, сонымен бір мезгілде оның пайдалану аясын, мүмкіндіктерін және оның адам психикасына, жан-дүниесіне және дүниетанымдық көзқарасына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі ұстанымдарына тигізетін әсерін жан-жақты зерттеп, осы технологиялардың қолдану методологиясын жетілдіру үстінде.

21 ғасырда, яғни қазіргі кезде ірі-ірі монографиялық еңбектер және сан салалы ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізілуде. Барлық дерлік ғылыми мекемелерде, жоғары және арнайы білім беру орындарында арнайы зерттеулер жүргізіледі. Жас ғалымдар және осы бағытқа жаңадан ден қойған зерттеушілер ғылымдағы және өндірістегі жаңалықтарды да қалт жібермей бақылауда ұстап, өздерінің ғылыми деңгейін, мамандық шеберліктерін және дағдыларын үздіксіз ұштап, жетілдіріп отыруы керек. Өздері қызмет етіп отырған бағыттағы мультимедиялық өнімдерді кең ауқымды тұтынуға және осы бағыттағы ізденістерге өз үлесін қосып отырғанын да айтқанымыз жөн. Осы орасан зор жаһандық үдеріске ұлттық мазмұнға бай өнімдеріміздің, әр түрлі

дәрежедегі бағдарламаларымыз бен шығармашылық өнімдеріміздің қорын молайта отырып үлес қосу бүгінгі күннің міндеті болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арнхейм Р. Визуальное мышление // Зрительные образы: феноменология и эксперимент. - Душанбе, 1971, с. 9-29.
2. Петрова Н. Компьютерная графика и анимация на персональном компьютере // CD-ROM "Энциклопедия персонального компьютера", R-Style, 1996.
3. Adobe Flash Professional CS5. Официальный учебный курс (Classroom in a Book) - 2011

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АНИМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ЦЕЛОСТНОСТИ И ИДЕНТИЧНОСТИ В ОБРАЗОВАНИИ

Жумабаева Л.О., Нурберген А. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования анимационных технологий в сфере образования, в сфере образования, в сфере национальных особенностей и особенностей. Речь идет о необходимости создания мультимедийных технологий, в том числе анимационных, в сфере народного образования и обучения.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, анимация, интерактивные, национальные мультимедийные продукты.

SPECIAL FEATURES OF USING ANIMATION TECHNOLOGIES IN NATIONAL INTEGRITY AND IDENTITY IN EDUCATION

Zhumabaeva L.O., Nurbergen A. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan

Abstract. The article discusses the features of the use of animation technologies on educational process and how is important. We are talking about the needs of the formation of multimedia technologies, including animation on the field of training and national education.

Keywords: multimedia technologies, animation, interactive, national multimedia products.

УДК 372.853

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Түркменбаев Ә.Б., Бармуханбетова У.К.


Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада компьютерлік технологияларды қолдану арқылы физика бойынша есептерді шешу қарастырылады, бұл сабақтың тиімділігін, білім алушылардың белсенділігін арттыруға және педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: ақпараттық коммуникациялық технология, физика курсы, физикалық есептерді шығару, дененің қозғалысы.

Жалпыға бірдей білім беретін мектепте жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісіне жаңа ақпараттық коммуникациялық технология элементтерін, соның ішінде виртуалды компьютерлік бағдарламаларды пайдалану қазіргі күн талаптарынан туындап отыр. Әсіресе, бұл жаратылыстану пәндерінің ішіндегі физикаға тікелей қатысты. Физиканы оқыту үдерісін ақпараттық коммуникациялық технологияландыруды түрлі жолдармен жүзеге асыруға болады. Соның бірі қазіргі буынғы компьютерлердің графикалық, мультимедиялық мүмкіндіктерін есептер шығаруда кеңінен пайдалану.

Бір денені горизонтқа бұрыш жасай лақтырайық. Бұл дененің қозғалысын бақылағанымызда, оның әуелі қисық сызықтың бойымен жоғары көтерілгендігін, содан кейін тағы қисық сызықтың бойымен төмен түсетіндігін көреміз (1-сурет).



Сурет 1 – Қозғалыстың тәуелділік графигі

1-суреттен ауырлық күші траекторияның ең жоғарғы s нүктесінің сол жағынан алынған кез-келген нүктеде, мысалы a нүктесінде, жылдамдықпен доғал бұрыш жасап бағытталатындығы көрінеді. Траекторияның осы бөлігінде дене жоғары қарай баяулап қозғалады, денеге әсер ететін ауырлық күші дененің жылдамдығын шамасы жағынан кемітіп, бағыты жағынан өзгертеді.

Ал траекторияның s нүктесінің оң жағынан алынған бөлігінде, мысалы b нүктесінде, ауырлық күшінің бағыты жылдамдық бағытымен сүйір бұрыш жасайды. Бұл бөлікте дене үдей қозғалады, ауырлық күші дененің жылдамдығын шамасы жағынан арттырып, бағыты жағынан өзгертеді.

Горизонтқа α бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс теңдеуі төмендегідей формулалармен анықталады [1]:

$$g_x = g_0 \cdot \cos \alpha, \quad g_y = g_0 \cdot \sin \alpha - g \cdot t, \quad x = g_0 \cdot \cos \alpha \cdot t,$$

$$y = g_0 \cdot \sin \alpha \cdot t - \frac{g \cdot t^2}{2}, \quad h = \frac{(g_0^2 \cdot \sin^2 \alpha)}{2 \cdot g}.$$

Енді осы теориялық материалды бекіту үшін оқушыларға төмендегідей есепті шығаруды ұсынамыз.

Горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған дененің көтерілу биіктігі 10 м, оның ең үлкен көтерілу биіктігіндегі траекторияның қисықтық радиусы 20 м. Дененің бастапқы жылдамдығын, траекторияның қисықтық радиусын, лақтырғаннан кейінгі 1с өткен кездегі нормальдық және тангенциалдық үдеулерін, ұшу уақытын және ұшу қашықтығын анықтаңыз. Траекторияның теңдеуін жазыңыз. Ауаның кедергісі есепке алынбасын [2].

Бер :

$$y_{\max} = 10 \text{ м}$$

$$R = 20 \text{ м}$$

$$t = 1 \text{ с}$$

$$T/\kappa: V_0 = ? \quad V = ? \quad a_n = ?$$

$$a_\tau = ? \quad t = ? \quad x = ? \quad y = ?$$

Шығарылуы: Горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысын екі қозғалыстан тұрады деп қарау керек. Оның бірі - горизонталь бет бойымен қозғалыс (кедергі ескерілмейді), екіншісі - тұрақты $\vec{g}$ үдеумен вертикаль бағыттағы қозғалыс. 1-суретте көрсетілгендей координата жүйесін таңдап алайық. Дененің қозғалысы төмендегідей теңдеулер жүйесімен сипатталады:

$$X = g_{0x} \cdot t = g_0 \cdot t \cdot \cos \alpha \quad (1)$$

$$y = g_{0y} \cdot t + \frac{a_y \cdot t^2}{2} = g_0 \cdot t \cdot \sin \alpha - \frac{g \cdot t^2}{2} \quad (2)$$

Дененің координаталарынан уақыт бойынша туынды алып X, Y өстері бойымен, кез-келген уақыт кезеңіндегі жылдамдықтың құраушыларын анықтаймыз:

$$g_x = \frac{dx}{dt} = g_0 \cdot \cos \alpha \quad (3)$$

$$g_y = \frac{dy}{dt} = g_0 \cdot \sin \alpha - g \cdot t \quad (4)$$

Қандай уақыт кезеңінде дененің көтерілу биіктігі максимал болатынын білу үшін (4) өрнекті нөлге теңейміз: $g_0 \cdot \sin \alpha - g \cdot t = 0$

$$\text{Осыдан} \quad t = \frac{g_0 \cdot \sin \alpha}{g} \quad (5)$$

$$(5) \text{ өрнекті } (2)\text{-ге қойсақ} \quad y_{\max} = \frac{g_0^2 \cdot \sin 2\alpha}{g} \quad (6)$$

Дененің ең жоғары көтерілу биіктігіндегі нормаль жылдамдығы былай жазылады:

$$a_n = \frac{g_x^2}{R} = \frac{g_0^2 \cdot \cos^2 \alpha}{R} \quad (7)$$

(6) және (7) теңдеулерді салыстырып және $a_n = g$ екенін ескеріп, біз бастапқы жылдамдық g_0 -ді табамыз: $g_0 = \sqrt{g(2y_{\max} + R)}$ (8)

Осыдан g_0 -дің сан мәнін есептесек

$$g_0 = \sqrt{9,8 \text{ м/с}^2 (2 \cdot 10 \text{ м} + 20 \text{ м})} = 19,8 \text{ м/с}.$$

Дене уақыт $t = 1 \text{ с}$ болған мезгілде A нүктесінде болсын. Жоғарыда жазылған (3) және (4) теңдіктерге сәйкесті, сол сияқты (6) және (7) өрнектерді еске алып дененің жылдамдығының құраушыларын жазамыз:

$$g_x = g_0 \cdot \cos \alpha = \sqrt{g \cdot R}, \quad g_y = g_0 \cdot \sin \alpha - g \cdot t = \sqrt{2 \cdot g \cdot y_{\max} - g \cdot t}$$

Ендеше дененің қарастырылып отырған нүктедегі толық жылдамдығының модулі $\vartheta = \sqrt{\vartheta_x^2 + \vartheta_y^2} = \sqrt{g \cdot R + (\sqrt{2 \cdot g \cdot y_{\max}} - g \cdot t)^2}$. (9)

Сан мәндерін қойғанда, толық жылдамдық

$$\vartheta = \sqrt{9,8 \text{ м/с}^2 \cdot 20 \text{ м} + (\sqrt{2 \cdot 9,8 \text{ м/с}^2 \cdot 10 \text{ м}} - 9,8 \text{ м/с}^2 \cdot 1 \text{ с})^2} = 14,6 \text{ м/с}.$$

А нүктесіндегі нормаль және тангенциалдық үдеулер

$$a_n = g \cdot \sin \beta, \quad a_\tau = g \cdot \cos \beta \quad (10)$$

болғандықтан жоғарыда келтірілген $\vartheta_x = \vartheta \cdot \sin \beta$, $\vartheta_y = \vartheta \cdot \cos \beta$ теңдеулерін

$$\text{ескеріп } a_n = \frac{1}{g} \sqrt{g^3 \cdot R}, \quad a_\tau = \frac{1}{g} (\sqrt{2 \cdot g^3 \cdot y_{\max}} - g^2 \cdot t) \quad (11)$$

теңдіктерін аламыз. Уақыт кезеңі $t = 1 \text{ с}$ болғанда

$$a_n = \frac{1}{14,6} \sqrt{(9,8 \text{ м/с}^2)^3 \cdot 20 \text{ м}} = 9,4 \text{ мм/с}^2,$$

$$a_\tau = \left[\frac{1}{14,6} (\sqrt{2 \cdot (9,8 \text{ м/с}^2)^3 \cdot 10 \text{ м}} - (9,8 \text{ м/с}^2)^2 \cdot 1 \text{ с}) \right] = 2,83 \text{ мм/с}^2$$

Дененің ауада қозғалу уақытын (2) теңдіктен, оның жерге түсу кезінде, $y = 0$ деп алып анықтаймыз.

$$\vartheta_{0y} - \frac{1}{2} g \cdot t^2 = \sqrt{2 \cdot g \cdot y_{\max}} \cdot t - \frac{1}{2} g \cdot t^2 = 0$$

$$\text{Бұдан } t = 2 \sqrt{\frac{2 \cdot y_{\max}}{g}} \quad (12) \text{ немесе } t = 2 \sqrt{\frac{2 \cdot 10 \text{ м}}{9,8 \text{ м/с}^2}} = 2,86 \text{ с}.$$

(12) өрнектегі ұшу уақытын (1) теңдікке қойып, дененің ұшу қашықтығын табамыз

$$X = 2 \sqrt{2 \cdot y_{\max} \cdot R} \quad (13) \text{ немесе } X = 2 \sqrt{2 \cdot 10 \text{ м} \cdot 20 \text{ м}} = 40 \text{ м}$$


Енді траекторияның теңдеуін анықтайық. (1) және (2) теңдіктер негізінде сол сияқты (6) және (7) теңдеулерді еске алып

$$X = \sqrt{g \cdot R} \cdot t, \quad y = \sqrt{2 \cdot g \cdot y_{\max}} \cdot t - \frac{1}{2} g \cdot t^2 \quad \text{теңдеулерін аламыз. Траектория}$$

теңдеулерінен уақытты шығарып тастаймыз, сонда $H = y_{\max}$, $y = \sqrt{\frac{2 \cdot H}{R}} \cdot X - \frac{1}{2 \cdot R} \cdot x^2$ (14)

Есептерді сынып тақтасына шығарып, нәтижесін алғаннан кейін оқушыларға осы есептерді Projectile-Motion бағдарламасын пайдаланып компьютерде шығаруды ұсынамыз [3]. Бұл есептердің мазмұнын терең түсіну үшін 2-суретте көрсетілген компьютер экранында кескінделген сұлбаны пайдаланамыз.

Мұндағы: α - батырмасы α бұрышының мәні. Ол 0° -тан 90° -қа дейін өзгере алады; v батырмасы (Initial Speed) ядроның бастапқы жылдамдығының мәні; h батырмасы (Height) горизонтпен α бұрыш жасай атылған ядроның траекториясының ең жоғары нүктесі. T батырмасы (Time) уақыт. k батырмасы (Drag Coefficient) кедергі коэффициенті. D батырмасы (Diameter) ядроның диаметрі. m батырмасы (Mass) ядро массасы. H батырмасы (Altitude) зеңбіректің теңіз деңгейінен биіктігі. L батырмасы (Range) бастапқы нүктеден қашықтығы. L батырмасы ядроның түсу ара қашықтығы. S батырмасы іске қосу. Q батырма экранды тазалау.




Сурет 2 - Projectile-Motion бағдарламасының компьютер экранында кескінделген сұлбасы

Бұл α және v батырмаларды басу арқылы, яғни, α бұрышының және ядроның бастапқы жылдамдығының мәнін өзгерткенде бағдарлама өзі автоматты түрде α бұрыш жасай атылған ядроның траекториясының ең жоғары h нүктесін, ядроның түсу L ара қашықтығын, қозғалысқа кеткен t уақыттың шамаларын есептейді.

Осы бағдарламаны пайдаланып оқушыларға бірнеше тапсырмаларды орындауды ұсынамыз.


1-тапсырма. α бұрышының мәні 45° , ядроның бастапқы жылдамдығының мәні 25 м/с болғанда горизонтқа α бұрыш жасай атылған ядроның траекториясының ең жоғары h биіктігін және L түсу ара қашықтығының ұзындығын, қозғалысқа кеткен t уақытты табу. Сонда оқушылар α батырманы басып, α бұрышының мәнін 45° -қа, v батырманы басып, ядроның бастапқы жылдамдығының мәнін 25 м/с-қа келтіреді. Осыдан кейін S батырмасын басып бағдарламаны іске қосады. Сол кезде бағдарлама өзі автоматты түрде горизонтқа α бұрыш жасай атылған ядроның көтерілу h биіктігін және L түсу ара қашықтығының ұзындығын, қозғалысқа кеткен t уақытты есептейді (3-сурет).



Сурет 3 – Горизонтқа 45° бұрыш жасай атылған ядроның траекториясы


2-тапсырма. α бұрышының мәні 30° , ядроның бастапқы жылдамдығының мәні 25 м/с болғанда горизонтқа α бұрыш жасай атылған ядроның траекториясының ең жоғары h биіктігін және L түсу ара қашықтығының ұзындығын, қозғалысқа кеткен t уақытты табу. Сонда оқушылар α батырманы басып, α бұрышының мәнін 30° -қа, v батырманы

басып, ядроның бастапқы жылдамдығының мәнін 25 м/с-қа келтіреді. Осыдан кейін S батырмасын басып бағдарламаны іске қосады (4-сурет).



Сурет 4 - Горизонтқа 30° бұрыш жасай атылған ядроның траекториясы

3-тапсырма. α бұрышының мәні 60° , ядроның бастапқы жылдамдығының мәні 25 м/с болғанда горизонтқа α бұрыш жасай атылған ядроның траекториясының ең жоғары h биіктігін және L түсу ара қашықтығының ұзындығын, қозғалысқа кеткен t уақытты табу. Сонда оқушылар α батырманы басып, α бұрышының мәнін 60° -қа, v батырманы басып, ядроның бастапқы жылдамдығының мәнін 25 м/с-қа келтіреді. Осыдан кейін S батырмасын басып бағдарламаны іске қосады (5-сурет).



Сурет 5 - Горизонтқа 60° бұрыш жасай атылған ядроның траекториясы

Оқушылар жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін өздері мынадай қорытындыға келеді: денені горизонтқа 0° -тан 45° -қа дейін бұрыш жасай лақтырғанда дененің қозғалысы, α бұрышының шамасы үлкейген сайын лақтырылған дененің көтерілу h биіктігі және L түсу ара қашықтығының ұзындығы артады; ал 45° -тан 90° -қа дейін бұрыш жасай лақтырғанда дененің қозғалысы, α бұрышының шамасы үлкейген сайын лақтырылған дененің көтерілу h биіктігі артып, L түсу ара қашықтығының ұзындығы кемиді.

Қорыта айтқанда, компьютер есептеу процесін және график құруды анағұрлым жылдамдатып, физикада графикалық есептерді қолданудың дәстүрлі аясын кеңейтуге

мүмкіндік береді. Олар – формулалар шығару, заңдар мен заңдылықтарды шығару, олардың ғылыми талдауы, өз динамикасында алғашқы шамалардың (параметрлердің) вариациясымен (түрімен) графиктер алу, графиктер жүйесінің талдауы және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Башарұлы Р., Қазақбаева Д. Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2013. – 288 б.

[2] Рымкевич А.П., Рымкевич П.А. Физика есептерінің жинағы. - Алматы: Рауан, 2002. - 224 б.

[3] <https://phet.colorado.edu/en/simulation/projectile-motion>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РЕШЕНИИ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Туркменбаев А.Б., Бармуханбетова У.К. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье анализируются методы решения задач по физике с использованием компьютерных технологий, которые дают возможности повысить эффективности урока, повышает активность обучающихся и уровень педагогического мастерства.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, курс физики, решение физических задач, движение тела.

THE USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN SOLVING PHYSICAL PROBLEMS

Turkmenbayev A., Barmukhanbetova U. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article analyzes the solution of problems in physics using computer technology, which makes it possible to improve the efficiency of the lesson, the activity of students and increases the level of pedagogical skills.

Keywords: information and communication technologies, physics course, solution of physical problems, body movement.

УДК 372.853

ҚАТТЫ ДЕНЕНІҢ ДИНАМИКАСЫ ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҚОЛДАНУ

Туркменбаев Ә.Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада виртуалды зертханалық эксперименттерді мектеп физика курсына қолдану мәселелерін зерттеуге бағытталған эксперимент нәтижелері берілген. Соңғы уақытта мектептегі оқу үдерісінде физикалық эксперименттерді көрсетудің маңызы өзекті, өйткені физика заңдарын зерттеу процесі қайта қарау мен жетілдіруді қажет етеді. Бұл әсіресе білім беруді ақпараттандыру, студенттерді оқытуға қойылатын талаптарды арттыру, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жиі жаңарту және білім беру үдерісінің сапасын арттыру жағдайында өзекті болып табылады.

Түйінді сөздер: демонстрациялық эксперимент, білім беруді акпараттандыру, физика бойынша виртуалды зертханалық эксперимент, физика курсы, танымдық іс-әрекет.

Қазіргі уақытта физика курсының барлық тараулары бойынша демонстрациялық эксперименттің барлық түрлері жеткілікті дәрежеде талданған. Әдетте оқу бағдарламасына жаңа тақырыптар кірістіргенде жаңа демонстрациялық эксперименттер жасалынады. Дегенмен жаңа демонстрациялық экспериментті жетілдіру бағдарламадан алда жүре отырып, жаңа тақырыпты кірістіруге немесе оқыту технологиясын жақсартуға мүмкіндіктері жоқ емес [1].


Қазіргі уақытта, әсіресе, физика курсына мынадай үлкен тақырыптар – сақталу заңдары, қатты дененің динамикасы және т.б. бойынша жаңа демонстрациялық эксперименттерді құру, бар эксперименттерді толықтырып және жетілдіру қажеттіліктері туып отыр. Қазіргі заманға сай ғылыми идеялардың және техникалық жетістіктердің нәтижесінде одан әрі жетілдіруге мүмкіндіктер бар деп айтуға болады. Сөзіміздің дәлелі ретінде «Кобра 3» әмбебап блогының көмегімен дискінің инерция моментін анықтауға, динамиканың негізгі заңдарын зерттеуге болады. Бұл ұсынылып отырған демонстрациялық эксперименттің мақсаты: айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін тәжірибе жүзінде тексеру [2]. Демонстрациялық экспериментті жасау үшін қажетті қондырғының сыртқы көрінісі 1-суретте көрсетілген.

Эксперименттік қондырғыны жұмысқа дайындау үшін 2-суретте көрсетілген сұлба бойынша тізбек құрастыру керек. Ол үшін айналмалы блогы бар жарық бөгетінің көк және қызыл шығыстарын «Кобра 3» блогының «OUT 5V/max 0,2 A» кірісіне, ал айналмалы блогы бар жарық бөгетінің сары шығысын «Кобра 3» блогының «Timer/Counter 1» кірісіне сымдар арқылы жалғаймыз. «Кобра 3» блогын дербес компьютерге «USB» порт арқылы жалғаймыз. Дербес компьютерді электр желісіне қосамыз.



Сурет 1 - Демонстрациялық экспериментті жасауға қажетті қондырғы

Мұндағы, 1 – жеңіл дискі, 2 – сатылы шкив, 3 - втулка, 4 – ауа үрлегіш, 5 – фиксатор, 6 – айналмалы блогы бар жарық бөгеті, 7 – жүктер, 8 - «Кобра 3» блогы, 9 – жалғағыш сымдар.




Сурет 2 - Сұлба бойынша құрастырылатын тізбек

Өлшеу жүргізу үшін «Windows» ортасында «Перемещение/Вращение» бағдарламасын іске қосып 3-суретте көрсетілгендей жұмысшы режимді таңдап аламыз.

3-суретте көрсетілгендей жұмысшы режимді таңдап алу үшін:

- «Диаметр оси» батырмасының мәнін 25 мм күйіне;
 - «Единица» батырмасының мәнін м күйіне;
 - «Получить значение» батырмасының мәнін 100 мсек күйіне келтіреміз;
- Одан кейін «Далее» батырмасын басамыз.



Сурет 3 - Жұмысшы режимді таңдау

Оқу экспериментінің орындалу тәртібі төмендегідей:

1. Эксперименттік қондырғыны 2-суретте көрсетілген сұлба бойынша жинап, жүктің массасын таразымен, шкивтің радиусын штангенциркульмен өлшейміз.

2. Жеңіл дискі түріндегі дененің центріне (1) сатылы шкивті (2) бекітіп, дискіні шкивпен қоса втулкаға (3) кигіземіз.

3. Дискі мен шкив өстен (втулкадан) айналған кезде пайда болатын үйкелістің еленбейтіндей аз болу жағдайын қарастыру үшін втулка өсінің бойымен дискінің төменгі жағынан ауа үрлегіш (4) арқылы ауа үрлейміз. Сол кезде дискі сәл көтеріліп өстен үйкеліссіз еркін айнала алады.

4. Шкив сатыларының біреуіне жіптің бір ұшын бекітіп, оны шкивті айналдыра ораймыз.

5. Жіптің екінші бос ұшын блок арқылы асыра салып, оған m массалы жүгін ілеміз.


6. Жіпті шкивке орап m массалы жүкті оқытушы көрсеткен h биіктікке (жүктің табанынан еденге дейінгі қашықтық) көтереміз.

7. Фиксатордың (5) көмегімен дискіні тыныштық қалыпқа келтіреміз.

8. Ауа үрлегішті іске қосып, фиксаторды айырып, дискіні босатып, онымен бір мезгілде «Начать измерение» батырмасын басамыз (4-сурет).

9. m массалы жүк еденге келіп соғылғанда секунд өлшегіш тоқтайды. Жүктің түсу уақытын (t) 3 рет қайталап өлшеп, олардың орташа мәнін табамыз.


10. Жүктің түсу биіктігі (h) мен уақытын (t) өлшеп, бұрыштық үдеуді (ε)
$$\varepsilon = \frac{2h}{t^2 r}$$
 формулаға қойып есептейміз.



Сурет 4 – Өлшеу диалогтық терезесі

11. Бұл есептеулермен өлшеулерді m жүктің жалпы массасы m -нің $3 \div 5$ рет жаңа мәні үшін қайталап есептейміз. Алынған мәліметтерді 1-кестеге толтырамыз.

12. Алынған ε мәндерін y өсіне, ал $m g r$ мәндерін x өсіне салып, тәжірибелік нүктелерді ХОУ жазықтығына орналастырамыз. (алынған тәжірибелік нүктелер бір түзудің бойында жатуы тиіс. Себебі бұл шамалар сызықтық байланыста. Бұл түзу сызықтық абсцисса өсімен жасайтын бұрышының тангенсі $\frac{1}{j}$ шамасына тең, ал түзудің x өсімен қиылысу нүктесі $M_{үйк}$ шамасын береді (5-сурет).



Сурет 5 – Үйкеліс күші моментінің графигі

13. Түзу жүргізіп, дискінің өске қатысты инерция моменті (J) мен үйкеліс күшінің моментін (M_2) табамыз.

$$14. J = m r^2 \left(\frac{g t^2}{2 h} - 1 \right) \text{ тәжірибелік формула бойынша дискінің инерция моментін}$$

есептейміз.

15. $J = \frac{m_{\text{жс}} g r}{\varepsilon}$ формуласымен дискінің инерция моментінің теориялық мәнін есептейміз (мұндағы, $m_{\text{жс}}$ - дискінің, сатылы шкивтің, втулканың жалпы массасы ($m_{\text{жс}} = 0,051 \text{ кг}$), r - дискінің радиусы);

16. Дискінің инерция моментінің теориялық мәнін тәжірибе арқылы табылған мәнімен салыстырамыз.

Қорыта айтқанда физиканы оқыту үдерісіне демонстрациялық эксперименттерді енгізу теория мен практиканы байланыстырушы ретінде қарастырылады. Оларды орындау білім алушылардың эксперименттік және практикалық ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылардың танымдық ізденімпаздығын, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда демонстрациялық экспериментті өткізуде бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер білім алушылар оқытушының толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс-қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым ебдейліктер мен дағдылар қалыптасады. Демонстрациялық эксперименттің осы тәрізді орындалуында олар біршама икемдіктер мен дағдылар алады, бірақ жалпылама сипаттағы ебдейліктер қалыптаспайды және өздері әрекет етуге үйренбейді. Демонстрациялық эксперименттің мұндай өткізілуі олардың білімділік және ізденімпаздық мәнін төмендетеді.

Оқытушы демонстрациялық экспериментті өткізу әдістемесін мұқият талқылап, білім алушыларға оны өз бетінше және ықыласпен орындауға мүмкіндік беруі керек, тек сонда ғана ол білім алушылардың таным қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Башарұлы Р., Қазақбаева Д. Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. – 248 б.
[2] Савельев И.В. Жалпы физика курсы. - Алматы: Мектеп. 1 том. 1989. - 508 б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДЕМОСТРАЦИОННОГО ЭКСПЕРИМЕНТА ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИНАМИКИ ТВЕРДОГО ТЕЛА

Туркменбаев А.Б. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье представлены результаты исследования, направленного на изучение вопросов использования в школьном курсе физики виртуальных лабораторных экспериментов.

Ключевые слова: демонстрационный эксперимент, информатизация образования, виртуальный лабораторный эксперимент по физике, курс физики, познавательная деятельность.

THE USE OF DEMONSTRATION EXPERIMENT IN THE STUDY OF RIGID BODY DYNAMICS

Turkmenbayev A. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article presents the results of a study aimed at exploring the issues in the use of a school course of physics virtual laboratory experiments. Recently updated value of the demonstration of physical experiments in the educational process in the school, as the process of learning the laws of physics in serious need of revision and improvement. This is

especially important in conditions of informatization of education, increasing training requirements students need frequent updating training and methodological support and improve the quality of educational process.

Keywords: demonstration experiment, informatization of education, virtual laboratory experiment in physics, physics course, cognitive activity.

УДК 658.7

ЛОГИСТИКА ТРАНСПОРТНО – ЭКСПЕДИЦИОННОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

Досжанов Б.А.

Актауский транспортный колледж КазАТК им. М.Тынышпаева,
г. Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассмотрена логистика транспортно – экспедиционного обслуживания, проанализирована работа экспедиторов на железнодорожном транспорте.

Ключевые слова: логистика, макрологистика, микрологистика, логистические задачи.

Анализируя работу экспедиторов на железнодорожном транспорте, а также их взаимодействие с АО РЖ «КТЖ» и другими компаниями, можно сказать, что в целом определенная плодотворная деятельность идет: сформированы общественные и координационные советы, регулярно проводятся совещания, «круглые столы» и многое другое,

Однако, кто же все-таки это такой - экспедитор и чем он занимается? Настоящий экспедиторская фирма должна работать с грузом. Именно на это сейчас направлены усилия АЭР и именно в этом направлении развивается политика МТК РК по становлению и развитию рынка транспортно-экспедиционных услуг. Общеизвестно, что наиболее эффективным средством является создание регулируемого рынка транспортно-экспедиционных услуг и применением информационно-коммуникационных технологий.

Возрастающий объем востребованности услуг предполагает создание новых организационных форм посредников. К ним относятся, в первую очередь, посреднический организации комплексного обслуживания и образованы на их основе транспортно-экспедиционные структуры, которые могут стать опорной базой для создания транспортно- сбытовых центров или центров логистического обслуживания. Также могут быть образованы специализированные логистические структуры, выполняющие функции транспортно-складского обслуживания.

Создание новых организационных форм посредников целесообразно в рамках проведения общей реформы сферы транспортно-экспедиционных услуг, которая должна предусматривать:

- повышение конкурентоспособности и снижение себестоимости услуг, обеспечение сохранности груза (товара при транспортировке, хранении и выполнении погрузочно- разгрузочных работ);

- готовность транспортно-складских предприятий принять на себя функции по промежуточному хранению, упаковке, сбыту продукции и другим операциям, и услугам;

- обеспечение взаимной гражданско-правовой ответственности между участниками движения грузопотоков;
- создание единой замкнутой информационно-коммуникационной сети;
- расширение сферы действия механизма аренды и лизинга транспортных средств, погрузочно-разгрузочные механизмов.

Главная черта транспортно-экспедиционных услуг выражается в многоступенчатой пространственно-временной последовательности операций, в осуществлении которых могут принимать участие несколько самостоятельных хозяйственных структур. Одни из них отвечают за общий конечный результат на обслуживаемом объекте, например, в целом за транзитные и складские доставки продукции от изготовителей до потребителей через ряд стадий товародвижения другие — за выполнение единичных услуг в виде отдельных операций: погрузку, транспортировку, перевалку, таможенную обработку, хранение, маркировку, затаривание др.

